Оқыту теориясы мен тәжірибесінің көрсетіп отырғандай, педагогикалық үрдісте білім алушының кәсіби және тұлғалық өсуінің едәуір әлеуеті ғылыми тереңдетілген инновациялық білім беру технологияларын пайдаланумен байланысты. Қазіргі кезеңде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауда. Бүгінгі білім кеңістігінде мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі – Қазақстан халқының білімдену саясатында ең басты мәдени құндылық болып табылатыны сөзсіз.

Тілді білу құндылығы жалпы қоғамның қабылдаған ұстанымдарының негізінде қарастырылу қажет. Біріншіден, тілдік білім – мемлекеттік құндылық ретінде, екіншіден, тілдік білім – қоғамдық құндылық ретінде, үшіншіден, тілдік білім – жеке тұлғаның құндылығы ретінде болса, қоғамның ұлттық дүниетанымды сақтау, ұлттық болмыстың өмір сүру мазмұны айрықша болады.

Қазақ елі ұзақ жылдар бойы не діни, не этникалық біртектестігінен айныған емес. Қазақ халқы өз атын беріп, мемлекет құрды, тарихи әділдік айналып жүріп орнын тапты. Бұл – халқымызға үлкен жауапкершілік міндеттейді. Мәдениет тоғысындағы тіл, әдебиет, өнер, ғылым салаларының қалыптасуы мен дамуы, өркендеуі - қазақ ұлтының мемлекеттілігін сақтаудың басты күші.

Әлемдік тәжірибеде өркениет жетістіктерінен өздерін саналы түрде оқшаулап отырған елдерде даму шектеулі. Әрине, бұл пікірге де түгелімен қошемет жасауға болмайды. Бірақ оқшауланған мәдениеттің, жабық қоғамның ұлттық санасы, яғни мәдениеті, салт – дәстүрі ертеңгі ол ашық қоғамда қызмет етуге тиісті болғанда, өздерінен көш ілгері кеткен мәдениет ықпалына тез беріледі. Керсінше, индустрияланған, ақпарат алмасуы дамыған елдерде салт – дәстүр мен әдет – ғұрыптардың сақталу деңгейі жоғары. Ондай елдерде өздерінің тарихи жәдігерлерін көздің қарашығындай сақтау, оларды қорғау бүкіл қоғамның ғана емес, әрбір жеке адамның ісіне айналған. Көнеден қалған әрбір жәдігер ұлт символы ретінде қабылданады. Яғни, ол ұлттардың тарихи санасы жетілген сана. Ал тілдік құндылығы жоқ немесе төмен қоғамда ұлттық болмыстың өмір сүруі тіпті қиын. Ендеше, бізге мешуәлігіміздің себебін тарихи тамырымыздан қол кеткендігімізден емес, әлі де толыққанды өркениетті ұлтқа айнала алмай жатқандығымыздан іздеу керек сияқты. Мысалы, біздің көп азаматтарға капиталын еселеу үшін тарихи құнды дүниелерді кирата салу түкке тұрмайды. Оларды бағалай білмеу де бізге тән. Кезінде Кант Европа мәдениетін «Біз шамадан тыс өркениеттеніп кеттік, бірақ жеткілікті дәрежеде мәдениетті емеспіз» деп бағалаған еді. Оның ойынша: өркениет мәдениеттің дамуының қозғаушы күші, басқаша айтсақ – мәдениет өркениеттің даму деңгейіне сәйкестенуге ұмтылады. Оған қарама-қарсы О.Шпенглер: «Біз мәдениетті болайық десек, шамадан тыс өркениеттеніп кетіппіз» - деген еді.

Оның ойынша: өркениет мәдениеттің соңы, яғни, мәдениетті өркениет жұтып қояды. Енді, өзіміздің қазақи қалыпқа келетін болсақ, онда, біз мәдениетіміз бен рухани дүниелерімізге өркениетті адам тұрғысынан қарай алмай жатырмыз. Яғни, мәдениетті дамыту үшін мәдениетке мәдени көзқарас қалыптаспай жатыр дегуге болады.

Егер, қазіргі заман талабын ескермесек, онда, тарихи дәстүрлерімізді де жаңарта алмаймыз. Жаңаны жат көрсек, біздің мәдениетімізге еніп жатқан жаңа атаулы, болашақта «ескімен», яғни тума мәдениетпен еш кіріге алмай, одан бас тартуға бейім болады, тіптен оны жойып жіберуге ұмтылады. Сондықтан, біз халық ретінде өзгере алуға бейімдік таныта алсақ қана – ол біздің өміршендігіміздің көрінісі болмақ .

Қазақ тілі – тарихи нақты қолға алар бұлтартпас дәлел болатын түркілік мәдениеттің жалғасы. Тек жалғасы ғана емес, бүгінгі күнге жеткен түркі тілдері ішіндегі ең тазасы, ең көркемі, әрі ата – тектік қалпына ең жақыны,

алғашқы тілдік сипатын сақтаушысы болып саналады. Сондықтан да қазақ тілінің дамуына ,көркею,қоғамдық қолданыс аясын кеңейту қызметіне тек қазақ халқы ғана емес, түркі дүниесі мүдделі болатын кез жетті. Ал бүгінгі таңда қазақ тілінің ғылым тіліне бағытталуы үшін ең алдымен, кәсіби қазақ тілін меңгерту жолы басты бағытта болуы қажет. Жалпы тілді үйрету сабақтастығында қазақ тілі практикумынан бастап, мемлекеттік тілде іс жүргізу, іскери қазақ тілі, тіл мәдениеті, шешендік сөйлеу қисыны, кәсіби қазақ тілі, ғылыми қазақ тілі жинағында білім берілсе, қоғамдағы қазақ тілінің қолданыс аясы мен қызмет ету кеңістігі зор болатыны сөзсіз. Ал бүгінгі сөз болғалы отырған мәселе – магистранттарға кәсіби қазақ тілін игерту кезеңіндегі тілдік шығармашылықтың жасалу ортасы.

Магистранттардың кәсіби қазақ тілін игертуге және меңгертуге деген танымдық қызығушылықтың қалыптасуы кәсіби бағыттағы мәтінді тиісті жылдамдықпен оқып, мөнерлеп жеткізіп, мазмұнын сапалы ұғына білуімен бірлікте шешіледі. Кәсіби қазақ тіліндегі лексикаға логикалық түсінікпен іштей қабысып жатқан ойды ажыратып, негізгі пікірге тірек болып тұрған сөз бен сөйлемге мән берерліктей болуын бағдарлау магистранттың білім, білік, дағдысын жетілдірумен қатар, танымдық түсінігін нығайтады. Бұл саладағы заңдылықтардың елпекшеп, ой тұжырымдарын сараптай келгенде, тілдік шығармашылық ұстанымы мынадай принциптермен қорытындыланды: танымдық тілдік шығармашылық тілдік деректерді меңгеру ғана емес, кәсіби білім сапасын көтеруге де ерекше ықпал етеді. Бұл магистранттың кәсіби қазақ тілі мен ғылыми қазақ тілі тұтастығындағы ой еңбегін тілмен жеткізуге мүмкіндік туатындығын көрсетті. Танымдық және тілдік шығармашылыққа деген қызығушылық нәтижесі мамандыққа сәйкес кәсіби қазақ тілінің жан-жақты жұмыс істеуіне негіз тудырды.

Магистранттардың тілдік шығармашылығының кеңістігін жасауда білім мазмұны мынадай мәселелерді қамтуы қажет: тіл білімі ұғымы, лингвистикалық формалар, тілдерді игеру кеңістігі, тілдік коммуникация, сөйлесім, жазылым, тыңдалым ортасын игеру, тілдік сана мен тілдік мәдениет, тілдік жүйені игеру әдістері басшылыққа алынып, оқу үрдісінде жүзеге асырылуы қажет.

#### Кәсіби даярлау компоненттері

Жалпы тіл білімі	Кәсіби қазақ тілі лексикасы	Арнайы салалық тіл лексикасы	Практикалық	Зерттеу
------------------	-----------------------------	------------------------------	-------------	---------



Жалпы білім беретін пәндер	Базалық пәндер	Кәсіби пәндер	Оқу-таныстыру және кәсіби тәжірибе	Ғылыми және магистрлік диссертация
Кәсіптік тіл мәдениетін жетілдіру формалары				
Оқу іс-әрекеті	Оқудан тыс іс-әрекет	Өзіндік оқу іс-әрекеті		
Ақпараттық технологиялар				
Компьютердік және ақпараттық сауаттылық				
Компьютерлерді пайдалану				
Автоматтандырылған оқыту бағдарламалары				
Электронды оқу материалдары				
Компьютерлік телекоммуникация құралдары				

Сурет 1 – Магистранттарды тілдік шығармашылыққа даярлау барысында ақпараттық технологияларды пайдаланудың мүмкіндіктері

Кәсіби даярлықты қалыптастыруға байланысты ғылыми зерттеулерге талдау және магистранттарды кәсіби даярлау тәжірибесіне сүйене отырып, біз өз зерттеуімізде ақпараттық технологиялар арқылы магистранттарды кәсіби іс-әрекетке даярлау құрылымына мынадай компоненттерді жатқыздық: мотивациялық, мазмұндық-операциялық, рефлексиялық. Осы компоненттердің жиынтығы магистранттардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының мәнін ашып көрсетеді.

Мотивациялық компонент тұлғаның кәсіби бағыттылығы мен іс-әрекетке ынтасын анықтай отырып, магистранттардың маман ретіндегі негізгі тұлғалық сапалары мен қасиеттерін құрауға негіз салушы болып табылады. Мотивациялық компонент құрамына табысқа қол жеткізу мотивтері, танымдық мотивтер, аффилиация мотивтері, кәсіби бағдар мотивтері жатады.

Ақпараттық технологиялар арқылы магистранттарды кәсіби іс-әрекетке даярлаудың мазмұндық операциялық компоненттерінің құрылымын магистранттардың кәсіби қызметіне қажетті білім, практикалық біліктер мен дағдылар, тұлғалық сапалар құрайды.

Рефлексиялық компонент кәсіби рефлексиялық сапаларды дамыту негізі болып табылады, оған өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану, өзін-өзі бақылау жатады.

Ақпараттық технологиялар арқылы магистранттарды кәсіби іс-әрекетке даярлау компоненттері бір-бірімен өзара байланысады. Мұның өзі бізге ақпараттық технологиялар арқылы магистранттардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының үлгісін жасауға негіз болды (сурет 2).

Магистранттар өз мамандығы бойынша зерттеу нысанасына алып отырған көкейкесті мәселелерінің мазмұнын қазақ тілінде жеткізу мүмкіндігі мен сауаттылығы арқылы нақты тілдік материалдарымен ұлттық өзін - өзі анықтаудың ажырамас факторы ретіндегі концептілерді, олардың ұлттық тілдің иерархиялық құрылымындағы байланыстарыды кәсіби мамандығына пайдалана алады, тіл мәдениетін дамытып, лингвомәдениет кеңістігінде тілдік шығармашылығының өрісін кеңейтеді.

Мақсаты: ақпараттық технологиялар арқылы магистранттардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру

Мотивациялық компонент	Мазмұнды-операциялық компонент	Рефлексиялық компонент	
Кәсіби бағдар мотивтері	әлеуметтік-тұлғалық құзырет талаптары бойынша білімі	Мамандық тілі қызметіндегі практикалық білігі мен дағдысы	өзін-өзі бағалау
Аффилиация мотивтері	Ұйымдастырушылық-бақылау құзыретінің талаптары бойынша білімі	Тіл мәдениеті қызметіндегі практикалық білігі мен дағдысы	өзін-өзі тану
Танымдық мотивтері	Кәсіби құзіретінің талаптары бойынша тіл мәдениеті	Ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі практикалық білігі мен дағдысы	өзін-өзі бақылау
Табысқа қол жеткізу мотивтері	Арнаулы құзіретінің талаптары бойынша білімі	Тілдік шығармашылық және ғылыми зерттеу қызметіндегі практикалық білігі мен дағдысы	

Нәтиже: магистранттардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының қалыптасуы мен тілдік шығармашылық дайындығы

Сурет 2 - Ақпараттық технологиялар арқылы магистранттардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының үлгісі

Тіл мәдениеті арқылы қалыптасатын танымдық сапаны арттыруда қолданылатын тілдік шығармашылық, мәдени проблемалық ізденістер туғызу, нақты кәсіби тіл деректеріне жүгіну-магистранттың өздігінен кәсіби қазақ тілін игеруге ықпал етеді. Адамның ойлауы, танымдық қалыптасуы өте күрделі құбылыс. Магистранттың кәсіби танымдық түсінігінің жетілуі қазақ тілді лексикасының мағыналық жағынан игеруіне байланысты, ал оның нәтижелі болуы оқудағы таңдалған әдіске тәуелді болады. Яғни, шығармашылықтың мәдени аспектісін танытудағы шешімді таба білу керек. Бұл екі арадағы үйлесімділік пен сәйкестік оқыту технологиясындағы шешуші фактор төмендегідей өз міндетін шешеді:

- кәсіби тілді оқытудағы танымдық қызығушылық оқытудың педагогикалық заңдары мен заңдылықтарына және принциптеріне сәйкес болуға тиіс;

- магистранттың игеретін кәсіби бағыттағы лексикасы дидактикалық мақсат пен міндетті өтеуге үйлесімді мән болу керек;

- меңгерілетін кәсіби тілдік материалдар қосымша ғылыми білім мазмұнымен сәйкес келуі ескеріледі;

- кәсіби оқыту бағдарында игерілетін лексиканың әлеуметтік ортамен байланысы және еңбек ету кеңістігінде қолданысқа түсу әрекеті назарда болуы керек.

Сараптай келгенде, танымдық түсінік пен тілдік шығармашылық ортаның қалыптасуы оқыту әдісін таңдау магистранттарға теориялық және практикалық білім беріп, сөз болып отырған мәселенің мән-мазмұнын терең ұғынып, оны тілдік тұрғыдан және кәсіби ортада тұтына білу бірлігінде шешіледі. Таңдаған оқыту әдісі тіл үйретудің лайықты нәтижесіне жетіп, магистранттарды тілдік шығармашылыққа бағдарлау көзделеді. Тілдік шығармашылық дайындығын жасау үшін кәсіби қазақ тілін оқытудың тиісті әдістерін дұрыс таңдау болып табылады. Осы ретте магистранттарды білімдендірудегі мәнімен қатар, оларды тілді білу әрекетіне, тіл мәдениетін игеру машығына, шебер сөйлеу дағдысына құлшындыратын оң ықпал жасалынуға тиіс. Осы орайдан танымның жетілуі мен тілді кәсіби меңгеруге және магистранттың білімдік сапа сезімін, мінез-құлқын, кәсіби сенімін орнықтыруға тілдік мәдени аспектілерінің шарттары ұсынылады.

- сапаны қалыптастыру әдістері – баяндау, әңгімелесу, нұсқау беру, ойландыру, кәсіби мамандық мазмұндағы иллюстрациялық мәтіндер.

- мінез-құлықты қалыптастыру әдістері - өзін-өзі басқару, жаттығу, машықтану, қайталау, әрекеттендіру, үлгі алу, сараптау, баға беру.

- сенім қалыптастыру, ынталандыру әдістері – мадақтау, мақұлдау, өзіндік пікірін білдіру, тұжырымдау, дәлелдеу.

Ойымызды түйіндей келе, бүгінгі заман талабына жауап бере алатын, күрделі мәселелерді шешуге дайын жоғары білікті мамандарды даярлау

қоғамның әлеуметтік тапсырысында белгіленген бағыттарының бірі болып табылады. Ол тапсырыс тұлға сапасының жиынтығын, дүниеге көзқарасты, интеллектуалдық және кәсіби дайындықты, нақтылы бір әлеуметтік жинақылықты және өз білімі мен біліктілігін әрі қарай толықтыруға ғылыми және кәсіби ізденіс қабілеттілігін талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы Заңында»: «Тіл – ұлттың ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы – тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты», - делінген.

Қазіргі қазақ тілі – мемлекетімізді өркендетуде себепші болатын қуатты күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтеруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай ұлттық рухта тәрбиелеудің басты қаруы.

Ана тілі сол тілде сөйлейтін халықпен бірге өмір сүреді және сол халықтың өкілдері үшін қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Тілінен айрылған халық өзіне тән барлық қасиетін жоғалтып, халық болудан қалады. Тіл ана тілі атануы үшін, ол күнделікті өмірде ұдайы қолданыста болуға тиісті екені рас.

Тілдің ең негізгі, яғни бірінші қызметі – адамдардың бір-бірімен сөйлесу, бір нәрсе жайында пікір алысуы. Екінші қызметі – адамдардың қоршаған орта жөніндегі өз ойларын тіл арқылы жеткізу. Үшінші қызметі – адам өзінің бір нәрсе туралы көзқарасын, күйініші мен сүйінішін, жақсы көру, жек көру сезімдерін тіл арқылы білдіруі.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қараев Ж.А. Педагогикалық жүйені технологиялық тұрғыдан жаңартудың өзекті мәселелері. – Алматы, 1993. -148 б.
2. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. –М., 1984.
3. Қожабаева Х. Кәсіби қазақ тілі. –Астана, «Фолиант», 2010. -304 б.

### *Резюме*

*В данной статье рассматриваются условия развития культуры речи и социально – культурные аспекты обучения магистрантов профессиональному казахскому языку.*

### *Resume*

*The development of speech culture and social-cultural aspects of teaching professional Kazakh language to master students were considered in this article.*

УДК 81-13

## КОНЦЕПТ «ЖИЛИЩЕ» В РУССКОЙ КАРТИНЕ МИРА (РЕЗУЛЬТАТЫ АССОЦИАТИВНОГО ЭКСПЕРИМЕНТА)

А.Н. Иманбаева

Павлодарский государственный педагогический институт

С целью выяснения структуры концепта «жилище» в русской картине мира нами был проведен ассоциативный эксперимент (АЭ).

В опросе приняли участие 72 человека, из них 31 респондент женского пола, 41 мужского, возрастной охват составил от 11 до 26 лет; соотношение респондентов по этническому признаку можно представить в следующем виде: русские – 43%, казахи – 40 %, немцы – 8,3%, татары – 4,2 %, украинцы – 1,4 %, евреи – 1,4 %, белорусы -1,4 %.

Респондентам в качестве слова-стимула было предложено слово «жилище», сам эксперимент дал следующие результаты.

Всего было получено 156 универсальных реакций, отмеченных мужчинами и женщинами: *дом-23, уют -19, семья- 18, красивое- 14, большое -12, теплое – 9, крепость-8, еда-8, тепло -7, кошка-6, окно-6, мама- 5, компьютер -5, очаг -4, стена -3, телевизор -3, печка -2, кирпичи -2, длинный -2*; реакции, отмеченные только мужчинами и только женщинами.

Систематизация слов-реакций позволила представить их следующим образом: 1) реакции, в которых отражается представление о доме как виде жилища (элементы дома, предметы дома, основные функции дома, материал); 2) представление об обитателях дома; 3) наименования чувств, возникающих при упоминании о доме, 4) реакции - оценочные характеристики (эстетика, размер, цвет, качество).

Самая частотная реакция на слово-стимул «жилище» – это реакция *дом (23)*, по всей видимости, последняя отразила ЛСВ 2 ‘свое жильё’, а не только ЛСВ 1 ‘жилое здание’ [2, 174], поскольку каждый респондент производил ассоциации, отталкиваясь от собственного опыта, а именно - от того вида жилища, который он имеет, либо который видел, либо имеет в представлениях (...*Думая только о нем, а не о том прежнем, милом, что ждало меня дома вместе с лыжками и волчком ( Бунин И.А. Начало); Дом не старше хозяина [2].* Поскольку понятие «дом» является общим гипонимическим понятием, имеющим основную сему ‘жильё’, каждый индивид вкладывает в понятие ‘дом’ тот вид жилья, который имеет в реальном или ментальном мире, что объясняет наличие таких реакций как *хата(2), квартира (3), юрта (1) детский дом (1), коттедж (1), вилла (1), хижина (2), лачуга (1, изба (1)*. Таким образом, общее родовое понятие объединяет частное видовое понятие общей семьей «свое жильё»,

а также семья, люди, живущие вместе», что находит отражение в единичной реакции *строение, пригодное для жилья (1)*. Взаимосвязь и последовательность реакций можно схематично представить в следующем виде:

*Личный опыт* → *ментальный мир* → *частное понятие* → *родовое понятие*

В основном каждое живое биологическое существо имеет свое жилище, в котором оно рождается, где проходит его жизнедеятельность, где он дает потомство и умирает, это подтверждают реакции *нора (1), конура (1)*. Человек как существо социальное вкладывает в понятие ‘жилище’ наполнение «*домашний/семейный очаг – родной дом, семья*», что выражено универсальной реакцией *очаг (4)*, последнее, являясь «*устройством для разведения и поддержания огня*» [2,486], следует полагать, подсознательно связано с теплом как физическим явлением, с возможностью приготовления горячей пищи, с трапезой, с местом, где все члены семьи могут какое-то время пробыть вместе, встретиться. Возможно, что с этим связана единичная реакция *древний человек (1)*, логически обусловленная связь *очаг-огонь* дает представление о создании человеком определенного вида жилища в процессе антропологического развития. Эксплицитная сема ‘*огонь*’ обуславливает появление реакции *еда (8)*, последняя является доминирующей среди респондентов мужского пола: мужчина как добытчик после определенных видов деятельности, как правило, приходит в свое жилище, где продукты его деятельности (дичь, деньги) должны материально быть представлены женщиной в виде пищи. У женщин это представление, по всей видимости, связано не только с приемом пищи, трапезой, но и с его приготовлением, процессом. С указанной выше семой связана реакция *тепло (7)*, последнее как физическое явление при его наличии/отсутствии дает возможность/невозможность осуществлять такие процессы, указанные в реакциях, как *спать (2), пить (1), есть (1), жить(1)*, где отражены действия, необходимые для нормальной жизнедеятельности организма.

Первоначально создание жилища было обусловлено выполнением функции оградить, укрыть человека от ненастий, стихий, погоды, хищников. Сейчас же, помимо всего прочего, учитывая современный ритм жизни человека, стрессовые ситуации, жилище начинает выполнять еще и другую функцию, являясь местом уединения человека от мирской суеты, местом ограждения человека от мира; дом - это место, где можно собраться с мыслями, оценить обстановку и прочее. Это подтверждают реакции *укрытие (1), убежище (1), защита (1), помещение (1), крепость (8)*.

Жилище как строение имеет свою структуру, где наличие/отсутствие определенных элементов обуславливает выполнение/невыполнение строением своего основного назначения. К сугубо важным деталям жилья можно отнести *стена (3), крыша (2), дверь(2)*; стена как «*вертикальная*

*часть здания, помещения»* [2, 765] представляет собой элемент, отгораживающий пространство внешнее от внутреннего, что является, своего рода, основополагающим фундаментом жилища, выполняющим защитную функцию. Это находит отражение в устойчивом сочетании *стеной стоять, в четырех стенах (сидеть, жить)* [2]. Крыша, являясь *«верхней, покрывающей частью строения»* [2], не только спасает человека от погодных условий, но и дает ощущение проекции себя как индивида среди окружающей действительности (*перен. Есть крыша над головой у кого-н. Под одной крышей с кем-н.*) [2, 311]. Крыша как покрывающий здание элемент структуры (*Всякая избушка своей крышей крыта*) [1] дает посыл в сознании носителей языка - считать указанный элемент точкой отчета (*Выше крыши. разг. шутол.*). Реакция *дверь* отражает, по всей вероятности, ЛСВ 1 *«проем в стене для входа и выхода»* [2], таким образом, наличие/отсутствие двери дает возможность/невозможность попасть в свое жилище. Следует полагать, что дверь именно та деталь, которая имеет возможность обеспечить комфортное существование индивида: это защита от холода и зноя, это возможность оградить себя от нежелательных людей и приблизить к себе желательных (*хлопнуть дверью, закрой дверь с той стороны, жить дверь в дверь, показать на дверь, выставить за дверь, при закрытых дверях, при открытых дверях*) [2, 153]. Реакции *окно (б), замок (1), комната (2)* называют структурные элементы современного вида жилья.

Окно - структурный элемент, определенное связующее звено с внешним чужим миром. Это не только отверстие в стене для свежего воздуха и света, но и мост для связи с внешним миром. Наделяя жилище человеческими чертами, одушевляя последнее, человек представляет окно в виде глаза как органа зрения (*«Чудесный старик, чудесный дом», - думал я, входя за ним в столовую, в открытые окна которой глядела зелень утреннего сада и все летнее благополучие деревенской усадьбы (Бунин. И.А. Натали).*

Комната как компонент жилища определяет состояние владельца, помогает определить назначение данного вида жилища. Во дворце, тереме, усадьбе, как правило, имплицитно подразумевается наличие множества комнат, в хижине, хибаре, лачуге соответственно – одна. Кроме того, комната – это неотъемлемая часть жилья, соединение четырех стен, крыши образуют комнату, поэтому реакция *комната* вполне оправдана. Единичная реакция *замок*, возможно, вызвана желанием, стремлением человека сохранить свое имущество (*К пустой избе замка не надо*) [1], оградить от неприятного общества, кроме того, замок – это элемент в зависимости от желания индивида позволяющий открыть/закрыть свое пространство, создать условия для вхождения прочих в свой круг, который, как правило, каждым ревностно охраняется, что можно проследить в устойчивых сочетаниях (*хранить под замком, за семью замками, на замке*) [2, 212].

Следующие реакции, указанные респондентами, можно отнести к содержимому жилища: *печка (2), камин (2), мебель (2), школьный стол (1), кровать (1), шторы (1), лестница (1), компьютер (5), телевизор (3)*. Печь – это предмет, без которого не мыслится жилье в сельской местности, где печь – это источник обогрева, кроме того, печь – это компонент, который существует подсознательно в русской картине мира (*русская печь, лежать на печи, печная заслонка; еще тот не слеп, коли в избе печь оцупал*) [2], следует полагать, что эксплицитно выраженные семы «для отопления помещения», «приготовление пищи» в семантике номинации имплицитно прослеживается связь *огонь – очаг*, рассмотренные выше, следует продолжить цепь, выявив третий компонент *семья*. Этим же обусловлена реакция *камин (2)*, являющейся «комнатной печью с широкой открытой топкой» [2]. Указанная мебель, предметы мебели в современной жизнедеятельности человека являются компонентами, обеспечивающие комфортное существование, предметы, обеспечивающие удобство, кроме того, это вещи, указывающие на благосостояние человека, его социальное положение, вещи, которые способны дать характеристику человеку не столько с точки зрения дохода, но и вкуса, его наличия/отсутствия, предпочтений и прочее. Отмеченные реакции *компьютер (5), телевизор (3)* указывают на роль последних в жизни современного человека, который живет в мире масс-медиа, СМИ, новых технологий.

Значимость жилища для человека усиливается еще и тем обстоятельством, что, помимо места для жилья, оно подразумевает окружение, жителей, которые проживают вместе. Это отражено в реакциях *семья (18), кошка (6), мама (5), родители (2), дети (1), овчарка (1), жители дома (1), друзья (1)*. Самая многочисленная реакция *семья (18)* была отмечена респондентами мужского и женского пола. Следует полагать, что в иерархии ценностей в русской картине мира при оценке жилища семья играет немаловажную роль. Каждый человек стремится создать семью, семья есть не только ‘близкие родственники’, но и атмосфера, складывающаяся в ней; создание семьи подразумевает не только совместное проживание двух людей, но и идею продолжения рода, рождения детей, чем обусловлена реакция *дети (1)*, которая указана респондентом женского пола: женщина, независимо от того, является матерью или нет, подсознательно подразумевает материнство (*Дом с детьми - базар, без детей - могила*) [1]. У женщины понятия *жилище-дом-дети* неразрывно связаны, у мужчины, скорее всего, это связь выглядит как *жилище-дом-еда-жители дома*, куда он относит и детей, не выделяя их как отдельное, самостоятельное.

В сознании носителей языка ‘семья’ подразумевает ее членов, что отражено реакциями *мама (5), родители (2), дети (1)*, эксплицитно выражен родитель женского пола, родитель мужского пола только подразумевается



реакцией *родители (2)*. По всей видимости, женщина больше времени проводит с ребенком, дома, создает домашний уют, занимается воспитанием детей, мужчина, как правило, занят обустройством жилища, обеспечением семьи. Возможно, это можно объяснить тем, что в силу различных обстоятельств в современном обществе имеются неполные семьи, где воспитанием детей, обустройством, обеспечением занимается женщина, выполняющая функции обоих родителей.

Реакция *друзья (1)* обусловлена, по всей вероятности, следующим: человек как существо социальное нуждается в общении не только с родственниками, но и с теми, с кем возникают «близкие отношения, возникающие на взаимном доверии, привязанности, общности интересов» (*не имей сто рублей, а имей сто друзей, старый друг лучше новых двух, скажи мне, кто твой друг, и я скажу, кто ты, друг дома*) [2, 180]. Кроме того, в свой дом, в свое пространство человек выпустит только того, кто не причинит вреда. Из животных как обитателей жилища были отмечены *кошка (6), овчарка (1)*. Кошка, согласно поверьям, выполняет защитную функцию дома: кошку первой вносили в новый дом, считалось, что она может видеть домового, играть с ним, чувствовать злых людей, пришедших с плохими намерениями. Это можно объяснить тем, что с кошкой связаны архетипические представления древних славян о кошке как обереге жилья (*в доме у Макара кошка, комар да мошка; кошка да баба всегда в избе, а мужик да собака всегда на дворе; всем равно, да не одно: кошка в избе, а собака на дворе*) [1]. Кроме того, кошка стала той шкалой, через которую стала оцениваться окружающая действительность: межличностные отношения, поведение, взаимоотношения и прочее (*черная кошка пробежала между кем-н.; кошка умывается лапкой; какдохлая кошка; как кошка с собакой живут; кошке под хвост, кошка гуляет сама по себе*). Другое домашнее животное – собака представлено единичной реакцией *овчарка (1)*. Если кошка выполняет защитную функцию от злых духов, намерений, то собака выполняет ее в буквальном смысле с древних времен (*собака – друг человека; собачья преданность, привязанность, покорность; собачий нюх*) [2].

В следующей группе реакций отражаются чувства, эмоции, ощущения, которые человек испытывает по отношению к своему жилищу: *уют (19), тепло(7), любовь (1), ожидание (1), жизнь (1), родной (2), радость (1), благополучие (1)*.

Отмеченное в качестве реакции наличие/ отсутствие уюта подтверждает тот факт, что внутреннее чувство комфорта, испытываемое индивидом, складывается из создания уюта. Последнее толкуется как «*удобный порядок, приятная устроенность быта, обстановки (создать уют в доме, домашний уют)*» [2], куда можно отнести не только внешнюю сторону, но внутреннюю. Последняя, надо полагать, складывается из окружения, общего эмоционального настроя, переживаний, испытываемых человеком

в своем либо чужом виде жилища (удобство/неудобство, внутренний комфорт/дискомфорт, свобода/скованность и прочее). Создание уюта возможно при наличии *тепла* в значении ЛСВ 6 «перен. Сердечное, доброе отношение, отрадное чувство (тепло дружбы, душевное тепло, окружить гостя теплом)» [2,847], что оправдывает реакцию *тепло*(7). Чувство привязанности, общности прослеживается в реакции *родной* (2), что есть «свой по рождению, по духу, по привычкам (родной край)» [2], жилище представляется как близкое, знакомое, не чужое, а, следовательно, не вызывающее чувство дискомфорта. Помимо прочего, в реакции можно наблюдать эксплицитную сему 'свое', что вносит отношение собственности, право по рождению, поскольку общее положение человека в социальном мире рассматривается с позиции его материального состояния.

Реакции *любовь* (1), *ожидание* (1), *жизнь* (1), *радость* (1), *благополучие* (1) отражают внутреннюю сторону, которой человек наделяет в своем сознании жилище как вид реалии. Человек, как правило, не может жить в одиночестве, у него существует потребность наличия кого-то в доме, кто-то должен ждать возвращения кого-то, как правило, это мать, жена, дети. Пустой дом кажется одиноким, нежилым, и этим ощущением, по всей вероятности, обусловлена реакция *ожидание* (1), с которой связана реакция *жизнь* (1). Человек приходит в свое жилище для того, чтобы найти оправдание или подтверждение довода, что его ждут, он не одинок, его любят, а, следовательно, ожидают. Это мысль прослеживается в знаменитом стихотворении К.Симонова «Жди меня».

В сознании человека есть представление о жилище как месте, в котором в нем присутствует жизнь. Появление реакции *жизнь* (1) в значении ЛСВ 2 как «физиологическое состояние» дополняется реакциями *любовь* (1), *радость* (1). Последнее как «веселое чувство, ощущение большого душевного удовлетворения» [2] возникает, по все вероятности, оттого, что внутренние желания, потребности в чем-то находят материальное воплощение или проявление в чем-либо (дела, желаемое окружение, уют и прочее) *испытывать радость, доставить радость, с радостью помогу*.

Реакция *благополучие* (1), возможно, вызвана тяготением человека к «спокойному, счастливому состоянию» [2], так как именно к такому состоянию стремится человек. Но и ЛСВ 2 «жизнь в довольстве, полная обеспеченность» [2] также раскрывает наполнение, вкладываемое носителем в реакцию: положение человека в иерархии общества напрямую зависит от *благополучия*, что подтверждает АЭ.

Человек обустривает свое жилище в соответствии со своими желаниями, в которых на первый план выходят параметры удобства жизнедеятельности, затем эстетические требования и прочее. С этой точки зрения респонденты указали следующие сугубо положительные реакции:

*уютное (4), деревянное (1), большое (12), красивое (14), теплое (9), хорошее (1), белое (2), каменное (1), удобный (2), длинный (2), высокий (1), кирпичи (2), кирпичный (2), просторный (1), светло (1)*. Среди них можно выделить критерии характеристики жилья с внешней и внутренней сторон.

Внешняя характеристика включает следующие компоненты: материал, из которого построено жилище: *деревянное (1), каменное (1), кирпичи (2), кирпичный (2)*; размер *большое (12)*; высота, длина - *длинный (2), высокий (1)*, цвет - *белое (2)*. Указанный материал – это строительные средства, используемые для постройки жилья на территории проживания носителей русского языка (дерево, камень, кирпич). Указанные параметры *большой, длинный, высокий* подчеркивают факт, что респонденты в антиномиях *большой - маленький, длинный – короткий, высокий – низкий* выбрали полюс, создающий картину ценностей относительно жилища как объекта оценивания. Большой, высокий дом может характеризовать хозяина с материальной стороны: это способность иметь такой дом, где подразумевается дородность, достаток, обилие. Но и здесь можно наблюдать некий эталон, стремление иметь именно такой дом. Потенциально иметь в ментальном мире или реальном низкий, маленький, неказистый дом никто не планирует. Указанный *белый* цвет подсознательно выражает информацию *'побеленое'*, а, следовательно, чистое, обустроенное, обжитое. Реакция *уютное (4)* показывает, что для человека немаловажно иметь жилище, отвечающее именно этой характеристике, куда он относит совокупность удовлетворяющих его запросам признаков (сенсорное восприятие – тепло, внешность, внутреннее состояние). Это можно проследить из вытекающих реакций *красивое (14), теплое (9), хорошее (1), удобный (2), просторный (1), светло (1)*. В ЛСВ 1 *красивый* как *«доставляющий наслаждение взору, приятный внешним видом, гармоничностью, стройностью»* [2] прослеживается соотношение внешнего к внутреннему, когда увиденная внешняя оболочка удовлетворяет внутренним запросам (*радовать глаз*). Физические ощущения являются не последними при оценивании своего/чужого жилища. Характеристика *теплое (9)* подтверждает мысль о том, что красота не основной доминирующий признак при выборе жилища (*Курна изба да печь **тепла***) [1]. Тепло дает ощущение комфорта, уюта, заверщенного сценария относительно реалии жилище. Проекция своего расположения в окружающем пространстве дают реакцию *просторный (1)*, то есть такое, где подразумевается большой размер, высота, где можно чувствовать раздолье, раскрепощенность, если говорить о внутреннем комфорте. Наличие/отсутствие света как физического явления также является немаловажным признаком в жилище (*В избе **светло**, а на дворе светлее*)[1], что находим в реакции *светло (1)*. Хорошая освещенность

позволяет выполнять ряд работ, физических, умственных, что есть необходимым условием для благополучного ведения хозяйства. Реакции *хорошее (1), удобный (2)* взаимосвязаны, поскольку значение номинации *удобный* толкуется как «1. *такой, которым хорошо, приятно пользоваться, вполне подходящий*» [2,826], значение лексемы *хороший* толкуется как «1. *вполне положительный по своим качествам, такой, как следует*» [2, 867]; указанные реакции дают положительную характеристику, которые могут соединить в себе все рассмотренные стороны и нюансы.

Таким образом, жилище в сознании носителей языка представлено в виде некоего ментального образования, имеющего определенную иерархическую структуру. К ядру можно отнести, во-первых, конкретизацию видов жилища, доминирующее понятие **дом**, во-вторых, уют как неотъемлемая часть жилища, без которого последнее кажется пустым и одиноким, в-третьих, семья как наполнение жилища, в четвертых, немаловажную роль имеет наличие/отсутствие жилища, удовлетворяющего потребностям и запросам человека как социального явления (размер, эстетика говорят о материальном благе, и утверждение человека в обществе, его положение начинается с того вида жилища, которое он может себе позволить). К периферии можно отнести конкретные представления носителей языка относительно конкретных обитателей, вида мебели, структуры, материала и прочее.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Даль В.И. Пословицы и поговорки русского народа. Том 2.-СПб.: ТОО «Диамант», 1996.-480с.
2. Ожегов С. Шведова Ю. Толковый словарь русского языка. М.: ООО «ИТИ ТЕХНОЛОГИИ», 2003.-944с.

### *Түйіндеме*

*Мақалада ассоциативтік эксперименттің нәтижелері негізінде «жилище» деген стимул-сөздің құрылымы қарастырылған.*

### *Resume*

*In the article the results of associative experiment on a stimulus word «dwelling» were presented*

## НАН/ХЛЕБ/ВРОТ ЛЕКСИКО-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІНДЕГІ БІРЛІКТЕРДІҢ АНТОНИМИЯЛЫҚ КОРРЕЛЯЦИЯЛАРЫ

**Д.Е. Капанова**

*С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

Лексика-семантикалық өріс сөздердің мағыналарының арасындағы түрлі семантикалық байланыстарды қамтитын тілдің лексика жүйесінің құрылымдық бөлшегі. «Сөздің әр түрлі лексика-семантикалық ұйымдарға (синонимдік қатарларға, антонимдік және гипонимдік топтарға) кіру мүмкіндігін айқындайтын семантикалық байланыстар – мағынаның ұғым аймағына қатысты болуы, шындық болмыстағы құбылыстарды білдіруі, полисемиялық ерекшелік сияқты семантикалық сипаттардың бірі болып саналады». [1, 116].

Өріс құрамындағы сөздер өзара түрлі қатынастарға түседі. Сондықтан кез келген өрістің құрамынан бірнеше байланыстарды көруге болады.

Тіліміздегі лексика жүйесінің лексикалық бірліктерінің мағыналары қарама-қарсылығының негізінде пайда болатын лексика-семантикалық байланыстардың бір түрі – антонимия. Ол – бір-біріне қарама-қарсы мағынаға ие лексикалық бірлік тұлғаларының қарым-қатынасы. Антонимия – барлық тілдерге тән универсалды құбылыс. Сонымен қатар антонимдер – лексиканың полисемия, синонимия, омонимия сияқты топтарымен араласып, топтасып жатқан аса мол сала.

Алайда антонимия мәселесі оның ұғымына қандай нақты мағына беруге болатыны туралы әлі күнге дейін дау туғызып жүр. Әдетте «антоним дегеніміз – бұл мағыналары қарама-қарсы сөздер. Антонимия (от греч. *anty* – қарсы және *упута* – аты) тілдік бірліктердің мағыналарының қарама-қарсы құбылысы» [2, 50 б.].

Антонимияны анықтаудағы басты нәрсе қарама-қарсылық ұғымы мен оның философиялық, қисындық және лингвистикалық мазмұнын ашу болып табылады.

«Қарама-қарсылық» термині ғылымның түрлі салаларында кеңінен пайдаланылады. Мәселен, философия ғылымында «қарама-қарсылық» термині қарама-қайшылық даму деңгейлерін білдіретін категория ретінде түсіндіріледі.

Логика «қарама-қарсылық» терминін өзінше түсіндіреді. «Қарама-қарсылық» – өзіне бірін-бірі жоққа шығарумен әрекеттестік арасын енгізіп, бірақ сонымен өзара біртұтас объектінің ішіндегі қарама-қарсылықпен бір-біріне себепші болып және сіңісетін диалектикалық қайшылықты білдіретін категория [3, 86 б.].

Тілде «қарама-қарсылық» антонимдер мен конверсивтерде көрінеді. «Антонимия – бұл қарама-қарсы мағынасы бар лексикалық бірліктердің семантикалық қатынастарының бір түрі» [4,102, 145 б.].

Бізді қоршаған заттар мен құбылыстарды суреттегенде, өзіміздің сезімдеріміз бен талаптарымызды баяндап, бірнәрсені дәлелдегіміз келгенде біз тілімізде «қарама-қарсылық» категориясын білдірудің лексикалық әдісі болып табылатын антонимдер мен конверсивтерді пайдаланамыз.

Лексикалық антонимдер бұл мағыналары қарама-қарсы бір сөз табындағы сөздер: *ыстық – суық, қатты – жұмсақ, үлкен – кішкене* т.б. Нақты мағынадағы зат есімдерде (*нан, есік, теледидар*), сан есімдерде, есімдіктердің көпшілігінде, сондай-ақ кісі аттарында антонимдер болмайды. Ереже бойынша, антонимдер сапалық, сандық, уақыт және кеңістік семантикасындағы сөздерде болады. Антонимдік қатынастар көбіне сапалық сын есімдер мен үстеулерде кеңінен таралған, ал зат есімдер мен етістіктерде аз. Антонимдер өздерінің білдіретін қарама-қарсылығының мағынасы мен сипатына қарай топтастырылады:

1) Сапалық қарама-қарсылықтағы антонимдік сөздер бір сападағы түрлі дәрежедегі екі соңғы көрсетуді білдіреді, яғни басқыштап салалайды (*ыстық – суық, үлкен – кіші*). Мұндай антонимдер градуалды деп аталады. Мұндай жағдайда сапаның біртіндеп өзгеруін білдіретін дәрежені белгілеуі мүмкін: *суық – салқын, жылы – ыстық*.

2) Антонимдердің біреуін қосымша жоққа шығару басқасына мағына береді, олардың арасында аралық элемент жоқ: *шын – шын емес – өтірік, үйленген – үйленбеген – бойдақ, тірі – тірі емес – өлген*.

3) Қимылдың, белгілердің, қасиеттің қарама-қарсылық бағыты: *таң атау- кеш бату, ұшып келу – ұшып кету, алға – артқа, жоғары – төмен*.

Антонимдер құрылымына қарай бір түбірлі және әр түрлі түбірлі. Әр түрлі түбірлі антонимдер түрлі сөз таптарындағы сөздердің арасында (*жас-кәрі, жарық-қараңғы, биік- аласа, жақсы көру-жәк көру*) кездеседі.

Бір түбірлі антонимдер көбінесе етістіктерден болады (*кіру-шығу, байлау-шешу, ұшып келу-ұшып кету, келу-кету*) немесе сөзге қарама-қарсы мағына беретін қосымшаның жалғануы арқылы (*сауатты – сауатсыз, демократиялық - антидемократиялық*).

Тілімізде бүкіл лексика жүйелі болғандықтан антонимия да тілдегі және санадағы жүйелік қатынастардың маңызды көріністерінің бірі болып табылады. Антонимия тілдегі бір мағынаның көрінісімен байланысты семантикалық құбылыс болып табылады, алайда синонимдерден айырмашылығы антонимдік сөздердің мағыналарының ұқсастығы бөрінен бұрын біздің санамыздағы қарама-қарсылықтан көрінеді.

Антонимия – сөздерді түрлі бағытта қарама-қарсылық қатынастары мен семантикалық қасиеттері бойынша реттеп отыратын лексика жүйелігінің айқын көрсеткіші.

Ол өзіне бір сападағы контрасты құбылыстар мен заттардың қарама-қарсылығын білдіретін сөздерді енгізеді.

Атаудың абстрактты ұлғаю дәрежесіне және зат пен құбылысты бағалау қажеттілігіне қарай пайда болатын сөздерді белгілеу үшін қолданылатын қарсы қойып салыстыру мүмкіншілігі кенейіп, олардың арасында жүйелі антонимдік қатынастардың көрінуі мүмкін.

Антонимия тілдік универсиалдардың бірі болып табылады, ол тілдердің барлығына тән: орыс тілінде (*хорошо – плохо; жақсы – жаман*), неміс тілінде (*lang – kurz, ұзын – қысқа*), қазақ тілінде (*бай – кедей*), ал тілдік бірліктер мағынаның қарама-қарсылығы негізінде антонимдерді құрылымдық және семантикалық топтастырудың үлкен ұқсастығын білдіреді.

Қарама-қарсы түрлік ұғымдардың қайшылықтан өзгешелігі, олар түрлік ұғымдармен анықталатын қимыл, қасиет, сапа көріністерінің шегін анықтап, антонимияның логикалық моделін жасайды. М.Р. Львов қарама-қарсылықтың логикалық моделі лексикалық антонимияға қажет, алайда жеткіліксіз шарт деп санайды, өйткені ол тілдегі тек ғана сапаны, қасиетті, белгіні, қарама-қарсы бағытты білдіретін қимылдардағы лексикалық бірліктердің моделі болады. Табиғат есебі мен тілдік бірліктердің семантикалық ерекшеліктері антонимдерді басқа қарама-қарсы мағына құрамайтын сөздерден шек қоюға мүмкіндік береді [5,103, 9-12 бб.].

Қарама-қарсылықтың негізгі массивін, яғни антонимияның өзегін заттың мағынасын, сапасын (*жақсы – жаман, хороший – плохой, gut – schlecht; мейірімді – жауыз, добрый – злой, gutherzig – böse*) немесе бағытты білдіретін сөздер құрайды (*кіру – шығу, входит – выходит, hineingehen – ausgehen*).

Бұл сөздер формасы бойынша бір түбірлі: *өнерлі – өнерсіз*, түбірлері әр түрлі: *қымбат – арзан*, ал семантикалық қатынастар ерекшелігі бойынша сәйкес және сәйкессіздік антонимдер болып бөлінеді.

Сәйкес антонимдер: *ауыр – жеңіл, легкий – тяжелый, leicht – schwer*.

Сәйкессіздік антонимдер: *бастау – тоқтау, начинать – переставать, anfangen – aufhören*.

Антонимиялық қатынастар түрлі сөз таптарында болады, бірақ сапалық сын есімдерде көбірек кездеседі. Сын есімдердің семантикалық қатынастарын, оның ішінде антонимдік қатынастарын олардың зат есіммен тіркесімі арқылы зерттеу қажет. Сын есімдердің антонимиясын зерттеп жүрген ғалымдардың түгелге жуығы оны тек ғана сапалық сын есімдерге тән деп есептейді. Бірақ, сапалық сын есімдерді қатыстық сын есімдерден ажырату оңай емес. Қатыстық және сапалық сын есімдердің айырмашылығы, сапалық сын есімдер нысананы ішкі және сыртқы қасиетіне қарай сипаттайды: түрі бойынша (*ұзын – қысқа*), түсі бойынша (*ақ – қара*), көлемі бойынша (*кіші – үлкен*), яғни бұл сын есімдердің сандық сипатын, белгісін білдіретін семантика – грамматикалық тобы.

Семантикалық парадигма мүшелерінің мағынасы ретінде антонимдік мағынаны мойындағанымызда, біріншіден, антонимдер сөздердің жүйесіндегі орнын белгілеуде, екіншіден, экстралингвистикалық мағынаның семантикалық категория ретінде қалыптасуына, үшіншіден, тілдің негізгі қызметі – коммуникацияның тиімді болуына жағдай жасайды. Сондықтан да антоним болатын сөздер бірін екіншісі мүлдем жоққа (мағына) шығармауы керек, немесе антонимдік қатынас бірі болымды, екінші сыңарының болымсыз мағынада болуымен тынады деу дұрыс емес.

Мағыналары ұқсас сөздер синонимдік қатарларды құраса, мысалы *әдемі – әсем – сұлу – келбетті – көркем* т.б., ал мағыналары қарама-қарсы сөздер антонимдік жұптарды құрайды. Мысалы: *жоғары – төмен, биік – аласа, пысық – жалқау, ұзын – қысқа* т.б.

Антонимдік қатынастың тілдік көрінісі адамзаттың санасы мен ойлауына тікелей байланысты. Адамзат баласы ойлау арқылы айналадағы өзін қоршаған заттар мен құбылыстардың сапасын, қасиеттерін бір-бірімен қарама-қарсы қойып салыстыра таниды. Осылайша қарама-қарсы қойып анықтаудың арқасында осы семантикалық байланыс – антонимиялық байланыс пайда болады.

Қазақ тіл білімі ғылымында К. Аханов, Ә. Болғанбаев, А. Жұмабекова, Б. Исабеков, І. Кеңесбаев, Ж. Мусин, Ғ. Мұсабаев, С. Төленова т.б. еңбектері антонимдерді әр түрлі зерттеу саласында көрініс тапқан. Ж. Мусин «Қазақ тілінің антонимдер сөздігі» атты еңбегінде антонимдерге әр түрлі бағытта анықтама берген. Әдетте, мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер антоним деп аталады.

Антонимдік мағына сапалық ұғымдарға тән болады деген пікір жиі қолданылады.

Антонимдік сөздердің қарама-қарсылықты мәні, олар бір сөйлем ішінде қатар қолданғанда айқын аңғарылады. Мұндай антоним сөздердің мағыналық қарама-қарсылығы айрықша баса көрсетіліп, ерекше көзге түседі [6, 8 б.].

Б. Исабеков «Антонимия логикалық ұғыммен тығыз байланысты болғанымен де, оны тек қана логикалық тұрғыдан анықтауға болмайды. Өйткені логикалық ұғымдар лексикалық мағына арқылы жүзеге асады. Сондықтан антонимияны лингвистикалық тұрғыдан анықтау керек», – дейді [7, 4 б.].

Ә. Болғанбаев өзінің «Қазақ тіліндегі антонимдер» мақаласында логикалық талдауды қолданған. Мысалы, сөздердің антонимдік қатысын анықтаудағы айырым-белгілердің қатарында:

- антоним болып табылатын ұғымдар қарама-қарсы болуы шарт (*ер – қорқақ, ұзын – қысқа*);

антонимдер тек бір сөз табынан болуы тиіс (*өмір – өлім, ақ – қара*).

Ғалым оппозицияның аралық мүшесін бөліп көрсеткенімен (*ескі – конетоз – жаңа, шикі – дүмбілез – піскен*) ұғым мен сөз мағынасының ара-жігін бөлмей қолданады [8, 51-53 бб.].



В.А. Иванова антонимиялық қатынасты жан-жақты зерттеп, антонимдердің негізгі үш белгісін атап көрсетеді:

1. Лексика-семантикалық ерекшелігі: а) бір лексика-семантикалық топқа қатыстылығы; ә) бір сөз табына қатысты болуы.

2. Грамматикалық ерекшелігі: а) бір сөз табына қатысты болуы; ә) лексикалық тіркесімділігінің бірдей болуы; б) тұйықталған құрылымның болуы.

3. Функционалдық ерекшелігі: а) бірдей стилистикалық бояуының болуы; ә) сөйлеуде бірге қолданылуы [9, 5 б.].

Айналамызды қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстардың айырмашылығы тілімізде қарама-қарсылық ретінде көрініс табады. Мысалы, адам денесінің түрлі температурасы термометрдің шкаласында градуспен берілуі мүмкін: 35,4°-36,6°-39,8°, бірақ ол сапалық сын есімдермен берілуі мүмкін: *төмен – орташа – жоғары (температура)*. Мұндай белгілеу арқылы қабылданған норманы анықтауға болады. 36° дейінгі температура – *төмен*, 36°-37° төңірегінде – *орташа*, 37°-ден аса – *жоғары*. Белгіленген бағалау квалификациясы *төмен – жоғары (температура)* сөздерінің мағыналары қарама-қарсы екенін тануға мүмкіндік береді.

Венгр ғалымы Э. Лендвай қарама-қарсылықтың үш негізгі түрін ажыратса:

1. Контрарлық антонимдер – ортасында аралық мүшелері болатын, семантикалық шкалалардың қарама-қарсы нүктесінде симметриялы орналасқан лексемалар және бірін-бірі жоққа шығарып қана қоймай, сондай-ақ өзінің қарама-қарсылық мазмұнын сипаттайтын: *кеше – бүгін – ертең; жас – жас емес; мосқал – кәрі; суық – салқын, жылы – ыстық* т.б.

2. Комплементарлы (толықтырушы) антонимдер – түрлік мағыналары қарама-қарсы, бірін-бірі тектік ұғымға дейін толықтыратын, жалпы тектік ұғымға бағынышты лексемалар. Комплементарлы антонимдер арасында ешқандай үшінші аралық мүше болмайды: *сатып алу – сату, материалист – идеалист, тірі – өлі, кию – шешу, шындық – өтірік* т.б.

3. Векторлық антонимдер әр түрлі бағыттағы қозғалыстар, қимылдар немесе белгілерді білдіретін оппозициялармен сипатталады. Бағыт қозғалыспен тығыз байланысты болғандықтан, векторлық антонимдер, әдетте етістіктер мен етістіктерден жасалған зат есімдерден болады: *өрлеу – түсу, кіру – шығу, жақындау – алыстау* т.б. [81, 161-163 бб.], ал Л.А. Новиков сөздерді антоним деп тану үшін олардың мағынасының антонимдік байланыстарының түрлеріне қарай Э. Лендвай секілді үш түрін ажыратып және одан басқа тағы бір түрін қосады. Ол – конверсивті қарама-қарсылық. Конверсивті қарама-қарсылық – бір ғана жағдайды білдіріп, бір қимыл-әрекеттің, қатынастың және тағы басқа әр түрлі атауы ретінде олардың екінші бір қарама-қарсы жағын көрсетеді: *жеті бестен артық – бес жетіден кем* [10, 83-86 бб.].

Комплементарлық қарама-қарсылықтағы антонимдердің арасында ешқандай үшіншісін қолдану мүмкін емес, олар бірін-бірі толықтыратын, орташа ұғыммен беріледі: *шын – өтірік*. Қарама-қарсылықты түрлік ұғым қайшылыққа қарағанда, тектік ұғымның сапасың, қасиетін, қимылын көрсетудің шегін айқындайды. Және олар нағыз антонимнің логикалық моделін құрайды.

Антонимдерді анықтауда қарама-қарсылық моделі қажет, бірақ лексикалық антонимдер үшін шартты емес. Ол қарама-қарсы бағытты білдіретін қимылдар мен сапаны, жағдайды, белгіні, қасиетті білдіретін сөздердің, сонымен бірге кейбір лексикалық бірліктердің антонимдік моделі болады. Тілдік бірліктердің семантикалық ерекшеліктері сөздерді антоним құрамайтын басқа сөздермен қарама-қарсы салыстыруда шек қоюға мүмкіндік береді.

Қарама-қарсылықтың негізгі ядросын мағынасы сапаны (*жақсы – жаман, қайырымды – қатыгез*) немесе бағытты (*кіру – шығу, жарық түсу – қараңғы түсу*) білдіретін сөздер құрайды. Формасы бойынша бұл сөздер әр түбірлі (*биік – аласа, тірі – өлі*), сондай-ақ бір түбірлі (*мәдениетті – мәдениетсіз, ұшып келу – ұшып кету*), олардың семантикалық, қатынастарының өзгешелігі бойынша – мөлшерлес (*жеңіл – ауыр, айыру – жинау*); және мөлшерлес емес (*бастау – аяқтау, жағу – сөндіру*) болып бөлінеді. Осыған сәйкес сөздердің қарама-қарсы мағынасының бес негізгі түрлері ажыратылады:

1. сапаны білдіретін түбірлері әр түрлі және мөлшерлес антонимдер;
2. сапаны білдіретін, бір түбірлі және мөлшерлес антонимдер;
3. бағытты білдіретін, бір түбірлі және мөлшерлес антонимдер;
4. бағытты білдіретін, түбірлері әр түрлі және мөлшерлес емес антонимдер;
5. бағытты білдіретін, бір түбірлі және мөлшерлес емес антонимдер.

Қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі антонимдік парадигмалар барлық сөз таптарының арасында бар деуге болады. Салыстырыңыз: зат есімдер: *сурақ – жауап, вопрос – ответ, Frage e – Antwort e, күн – түн, солнце – ночь, Sonne e – Nacht e*; сын есімдер: *кең – тар, широкий – узкий, breit – eng; ұзын – қысқа, длинный – короткий, lang – kurz*; етістіктер: *қуану – қайғыру, радоваться – грустить, sich freuen – traurig sein, ашу – жабу, открывать – закрывать, aufmachen – zumachen*; сын есімдер: *көп – аз, много – мало, viel – wenig* және т.б.

Антонимнің тағы бір түрі – көп мағыналы сөздердің қарама-қарсылық мағынасы. Мұндай құбылыс *энантисемия* (ағыл. Enantiosemy, нем. Enantiosemie – сөздердің мағынасының поляризациясы) деп аталады.

Энантисемияға деген қызығушылық мынандай объективті факторлармен байланыстырылады:

- біріншіден, бұл құбылысты талқылау мен баяндау белгілі дәрежеде қазіргі тіл білімінде өзекті болып табылатын форма мен мазмұнның өзара қатынасы мәселелерін қарастыруға мүмкіндік береді;

- екіншіден, энантиосемия полисемия, омонимия және антонимия сияқты құбылыстарда шекаралық жағдайға ие болады;

- антонимдердің семантикалық классификациясы олардың қарама-қарсылығына негізделеді. Білдіретін қарама-қарсылықтарының ерекшеліктеріне байланысты антонимдер белгілі бір кластарға бірігеді:

- сапалық қарама-қарсылықты білдіретін антонимдер, тіліміздегі мұндай сөздер контрарлық қарама-қарсылықты жүзеге асырады және сапаның (белгінің қасиеттерінің) біртіндеп өзгеруін көрсететін градуалды (басқышты, сатылы) оппозицияны білдіреді: *жеңіл (жсай, қарапайым, болмашы) – қиын емес – орташа қиын – жеңіл емес – қиын (күрделі): жас (балғын, балғын жас) – орта жастағы – кексе, моқсал – кәрі, қарт – (өте қартайған, қаусаған)* [11, 39 б.].

Қарама-қарсылық адам санасының табиғатына сәйкес және күнделікті өмірдегі түрлі ғылыми түсініктерде, философиялық ойдың құрылымында, этикада, эстетикада, діни нанымдарда кездестіруге болатын ұғым екенін ешқандай күмәнсіз айтуға болады. Қарама-қарсылықты қабылдау мен түсіну белгілі бір дәрежеде адамдардың жасы, мамандығы, географиялық, әлеуметтік жағдайларымен тұрмысына тәуелді екенін атап өткен жөн. Өз мақаласында И. Грицкат қарама-қарсылықты қабылдаудың түрлі қызық фактілерін келтіреді. Мысалы, үш-төрт жастағы балалар үшін қарама-қарсылықты *аға* және *тәте, қол-аяқ* сөздері құрастырса, одан үлкенірек жастағы балаларда *күн – түн, жаңбыр – қар*, астрономдар үшін *күн – планета*, дикан үшін *шабындық – жыртылған жер* деген сөздер антонимдер болады [11, 5 б.].

Лексика мен фразеологиядағы антонимия құбылыстарын неміс және орыс тілдері материалы негізінде қарастырған Е.Н. Миллер антонимдерді логикалық және нақты (шын) топтар деп екі топқа бөліп:

1. Контрарлық қарама-қарсылық – сол жүйедегі қатынастар ішіндегі екі дұрыс ұғым бір-бірін теріске шығарады, мысалы *максимум – минимум; Maxima – Minima*.

2. Контрадикторлық қарама-қарсылық бір ұғымның басқасын жоққа шығару болып табылады. Тілдегі мұндай қарама-қарсылық екі сөзбен көрсетіледі, олардың бірі формасы бойынша – дұрыс, екіншісі – бұрыс және соған сәйкес екінші сөздің мағынасы біріншісінің мағынасын теріске шығарады: *мүмкін – мүмкін емес; возможный – невозможный; mögliche – unmögliche* деп ажырата отырып, философиялық сөздіктен нақты қарама-қарсылықтың анықтамасын береді: «нақты (диалектикалық) қарама-қарсылық бір-бірін ақиқат түрінде теріске шығара алмайтын ұғымдар арасында болады. Диалектикалық қарама-қарсылықтың логикалық қарама-қарсылықтан басты айырмашылығы, логикалық қарама-қарсылық табиғатта жоқ, ал диалектикалық қарама-қарсылық ақиқат [12, 190 б.].

Тілде мұндай қарама-қарсылық формасы бойынша дұрыс, бірақ бір-бірінің мағынасы екіншісінің мағынасын жоққа шығармайтын екі сөздің арасында болады: *қирату* – *құру*; *разрушение* – *образование*; *Zerstörung* – *Gestaltung* е [13, 9-10 бб.].

Антонимдер түрлі тілдердің лексика-семантикалық жүйесінің маңызды өлшемдері мен негізгі лингвистикалық универсалдың бірі болып табылады. Семантикалық өрісте, яғни тілдік бірліктердің реттелген көбейгіштерінің (жалпы инвариантты) мағынасымен біріккен антонимдер тек бір-бірімен ғана емес, сонымен қатар лексикалық бірліктердің басқа да категорияларымен (синонимдермен) де тығыз байланысты. Бұл, біріншіден, олардың қарама-қарсылығымен, екіншіден, бұл лексика-семантикалық категория мүшелерінің жұптары мен категорияларының оппозицияларына негізделеді.

Семантикалық өріс тілдің лексикалық жүйесінің толық және теңбе-тең көрінісі болып табылады. Сонымен өрістегі антонимдер, лексикалық антонимдер сияқты тек ғана бір-бірін жоққа шығарып қана қоймайды, сондай-ақ олар жалпы бір нәрсенің негізінде салыстыруға мүмкіндік береді.

М. Оразов антонимдік қатарды былайша түсіндіреді: «Сөздерді антонимдік қатарға енгізгенде, еске алатын нәрсе – сөздердің лексика-семантикалық сипаты. Екінші сөзбен айтқанда, кез келген сөз табына енетін сөздер антонимдік топ жасай бермейді, сондай-ақ синонимдік те топ жасамайды. Антонимдер бір сөз табына енетін сөздер аралығында болады да, бір лексика-семантикалық топтың құрамында ғана өмір сүреді» [14, 147 б.]. Біз де ғалымның осы пікірлерімен келісе отырып, антонимдер басқа сөз таптарының арасында өте аз кедеседі деп санаймыз.

Антонимдер кез келген сөздермен тіркес бермейді. Мысалы *суық* – *жылы* деген антонимдер тек орынға, температураға байланысты зат есімдермен ғана тіркесе алады. Антонимдер көбінесе сын есімдерден және етістіктерден болады, зат есімдер мен үстеулерде азды-көпті кездеседі. Басқа сөз таптарынан жасалған антонимдер тым тапшы, жоқтың қасында.

Қолымыздағы материалдардың көрсетуінше, қазақ тілі мен орыс тілдерінде антонимдік қатарға ең көп жататын сөз табы сын есім мен зат есім тіркесі екенін, ал неміс тілінде күрделі зат есімдер тіркесі екенін байқадық.

*Han/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісіндегі бірліктер антонимдік қатынастарға тек ғана сын есімдердің тіркесімен ғана енеді. Төмендегі қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі *nan/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісіндегі *nan* бірліктерінің арасында орнайтын антонимиялық байланыстар *nan* атауларының түрін-түсін, қасиеттерін, өлшемін, көлемін, салмақтарын бір-бірімен қарама-қарсы қойып, қайшы мән-дес сөздер негізінде анықталды:

- түр-түсті білдіретін антонимдер: *ақ nan* – *қара nan* [16, 50 б.], *белый хлеб* – *черный хлеб* [17, 89 б.], *Weißbrot s* – *Schwarzbrot s* [18, 559 б.];

- заттың өлшемін, көлемін білдіретін антонимдер: *қулише – қулиетай* [16, 58 б.], *хлеб – хлебец* [103, 90 б.], *булка – булочка* [103, 155 б.]

- *Brot s – Brötchen s* [98, 355 б.], *жуан спагетти – жіңішке спагетти* [16, 50 б.], *толстый хлеб – тонкий хлеб* [102, 753 б.], *dünnes Brötchen s – dickes Brötchen s* [18, 359 б.];

- заттың қатылығын білдіретін антонимдер: *жұмсақ нан – қатты нан* [16, 62 б.], *мягкая булка – черствая булка* [103, 154 б.], *altbackenes Brot s – frisches Brot s* [18, 559 б.];

- сапалық қарым-қарсылықты білдіретін сын есімдер: *ыстық кеспе – суық кеспе* [16, 73 б.], *горячий хлеб – холодный хлеб* [17, 90 б.], *heißes Brot s – kühles Brot s* [18, 360 б.].

Талдау барысында қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі антонимдік сөздіктерден *нан* атауларына қатысты антонимдік жұптарды кездестірмедік. Әйтсе де, біздің үш тілдегі түсіндірмелі сөздіктер мен аспаздық кітаптардан жинастырған материалымыздағы *нан* атауларына қатысты тілдік бірліктердің ұғымдарындағы сын есіммен тіркестегі қарама-қарсылық мәндері бізге бұл бірліктерді антонимдік қатарларға жатқызуымызға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Қорыта келгенде айтарымыз, қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі *нан* атауларына байланысты бірліктердің арасында антонимиялық корреляциялар, яғни қарама-қарсылық мәні бар лексикалық бірліктер аз екенін байқадық. Бұл *нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісіне деректі мағынадағы сөздердің біріктірілу ерекшелігімен шарттас.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лебедева Л.Б. Типы семантических связей слов в современном английском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук. – М., 1977. – С.24
2. Комиссаров З.В. Проблема определения антонима (о соотношении логического и языкового в семасиологии) // Вопросы языкознания. – 1975. – № 5. – С. 49-59.
3. Кондаков Н.И. Логический словарь справочник. – М.: Наука, 1975. – С. 486.
4. Шубина О.И. Условия актуализации антонимических отношений // Систематические взаимодействия языковых единиц. – М.: Наука, 1985. – С. 143-149.
5. Львов М.Р. Словарь антонимов русского языка. – М.: Рус. яз., 1988. – С. 384.
6. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1984. – Б.176.
7. Исабеков Б. Лексическая антонимия в современном узбекском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Ташкент, 1973. – С. 16

8. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі антонимдер // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1959. – № 19. – Б.51-53.
9. Иванова В.А. Антонимия в системе языка. – Кишинев: Штинца, 1982. – С. 64.
10. Жұмабекова А.Г. Оппозитивный анализ антонимических единиц казахского и русского языков: Дис. канд. филол. наук. – Алматы, 1995. – С. 161
11. Грицкат И. О антонимији // Сборник за филологију и лингвистику / Нови Сад. – 1961. – № 4. – С. 87-90.
12. Philosophisches Wörterbuch / Herausgegeben von G. Klaus und M. Buhr. VEB Bibliographisches Institut. – Leipzig: 3-Aufl., 1965. – S.208.
13. Миллер Е.Н. Антонимия в лексике и фразеологии (на материале немецкого и русского языков): Дис. канд. филол. наук. – М., 1976. – С. 53.
14. Жұмабекова А.Г. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 2000. – Б.184.
15. Цветков Н.В. Методология компонентного анализа, его сферы и границы: (на материале лексики русского языка): Дис. канд. филол. наук. – М.: РУДН, 1985. – С. 190.
16. Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. – М.: Наука, 1984. – С. 229.
17. Қасиманов С. Қазақтың ұлттық тағамдары. – Алматы, 1977. – Б.90.
18. Лысякова М.В. Гипонимия в русском языке: (Теория. Анализ. Типы гипонимов): Автореф. дис. канд. филол. наук. – М., 1986. – С. 17.
19. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1993. – Б. 304.
20. Похлебкин В.В. Кулинарный словарь. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2000. – С. 503.

### **Резюме**

*В этой статье рассматриваются антонимические корреляции в лексико-семантическом поле нан/хлеб/Brot.*

### **Resume**

*The antonymic correlations in a lexico-semantic field of нан/хлеб/Brot are considered in this article.*

УДК 811.512.161

## **СООТНОШЕНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ СО СЛОВАМИ И СВОБОДНЫМИ СЛОВСОЧЕТАНИЯМИ В ТУРЕЦКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ**

**А.Д. Мамедова**

*Сумгаитский государственный университет, Азербайджан*

Развитие фразеологии как лингвистической науки за последнее время поставило перед исследователями проблему взаимоотношения фразеологической единицы со словом. В современном языкознании существуют различные точки зрения относительно решения этого вопроса. Одни считают фразеологические единицы эквивалентами слов, другие указывают на их соотносительность со словом. Известный турецкий исследователь - паремиолог Омар Асым Аксой рассматривая соотношение фразеологизмов («deyimler») со сложными словами, пишет: «Билешик сөзсөк, тек сөзсөк дурумундадыр: Билешик йазылыр, исим сойундандыр, сес кайнашмасы ве дүшмеси йолуйла курулурулар: сумартеси, пазартеси, постане, кахвалты, пеки... Дейим мейдана гетирен сөзсөклер исе пек кайнашмыш дегилдилер. Бу сөзсөклерин кимиси исим ве фиил чекимлирине гирмиштир. Ели ачык, гүзү пек, гиби дейимлер арасына сөз күмелери гирер ве сөзсөклери айры-айры йазылыр» [1, 16].

Далее исследователь рассматривает соотношение фразеологизмов со специфическим группами слов, такими как термины и арго (почему-то на соотношение фразеологизмов с обычными, общеупотребительными словами он не обращает никакого внимания, видимо, считая, подобное исследование излишним, а это на наш взгляд, неправильная позиция). Он пишет: «Дейим иле “терим”и де айырт етмек герекир. Дейим, генел дилин малы олан сөздүр. Терим исе йа билим, санат, меслек сөздүр, ве бир танытымын цетидир: ешкенар, билиркиши, бичердцвер, кушпалазы...гиби. Йани, бунлар бичим ве йапы бакымындан билешик сөзсөк, каврам ве гцрев бакымындан исе теримдилер»[1,17].

О. Аксой не обошел вниманием и соотношение фразеологизмов со словосочетаниями, но опять-таки (как в случае со словами), не с обычными свободными сочетаниями слов, а с такими, как молитвы, проклятия и ругательства, которые не являются свободными, и которых он сам именует «kalıplaşmış sözler»:

«... дейимлерин амасы, бир каврамы өзел бир калып ичинде белиртмекдир. Дуа ве беддуалар арасында да бу өзелликлери ташыйанлар вардыр. Иште онлар, дуа ве беддуа олмакла берабер «дейим» де сайылабилерлер: Елине саглык, Саны

сеһенһеме...гиби. Өте йандан, месазлы олмайан ве чекиси бир анлатым кылығы ташымайан дуа ве беддуалар дейим сайыламазлар: Сағ ол, сок йаша гйби»[1,17].

Затем автор говорит о нецензурных сочетаниях :

«Налк арасында кулланылан сөвйә сцзлери иле едеп дышы сцзлер де конумузла илгилидир. Бунларын кимиси дейим нителигинде булунмуш санат үрүнлеридир». [1,18].

Однако Аксой в своей книге не приводит ни единого примера подобных словосочетаний, объясняя это необходимостью следовать этическим нормам, и подчеркивает, что «бунларын китаплара гечирилиб гечирилмемеси заман заман тартышма конусу олмуштур» [1,18] и следовательно он не проводит никакой параллели между фразеологизмами и «сцвәләг».

Исследователь русской фразеологии А.И.Кунин пишет: «При рассмотрении соотношения фразеологизмов со структурой слов необходим комплексный подход, при котором объективно учитываются семантические, стилистические, структурные, грамматические особенности фразеологизмов и слов, а также их фразеобразовательные и словообразовательные структуры» [4,23].

Средством обозначения предметов, их свойств, действий, их признаков и т.д., средством выражения понятий о предметах, их свойствах и признаках в языке признается слово – основная единица языка. Причем слово в абсолютном большинстве лингвистических трудов до сих пор признается единственной номинативной единицей, хотя в науке о языке до сих пор нет общепринятого определения слова. Наиболее правильным мы считаем определение Д.Н.Шмелева, согласно которому, «слово – это единица наименования, характеризующаяся цельнооформленностью (фонетической и грамматической) и идиоматичностью» [6, 34].

Между тем, в языке всегда существовала еще одна единица, которая тоже служила и служит средством обозначения, поэтому и в языке предшествующих периодов, и в современном существовал и существует двойкий способ обозначения многих предметов, процессов и т.д. и понятий об этих предметах и процессах. Так, можно сказать: «кинсанлар» – «сймле алем», «мерһаметли» - «алтын калпли», «шишман» - «йағ тулуғу», «сағлыклы» – «турп гйби»; «человечество» - «белый свет», «умелец» - «золотые руки», «богач» - «денежный мешок».

Способность фразеологического значения быть средством обозначения понятия есть его главное свойство. Именно благодаря ему фразеологизмы оказываются в одном ряду со словами, изначальным свойством которых является способность обозначать понятие. Например, в основе значения фразеологического оборота “бить баклуши” (т.е. бездельничать) лежит метафорическое переосмысление одной из операций промысла: чурбаки разбивали не небольшие бруски – баклуши, из которых потом делали разные деревянные поделки. Предшествующий труд – рубка и первоначальная



обработка древесины – требовал больших физических затрат и ловкости конечная операция – определенной сноровки, искусства. На этом фоне “бить баклуши” значило заниматься легким трудом.

В современном языке «бить баклуши» сохранило как некий оттенок в значении именно этот характер пустячного занятия: «бить баклуши» – это бездельничать в смысле «не заниматься серьезным делом» (ср. «сидеть, сложа руки»). В словаре Даля «баклушничать» толкуется как «шататься без дела, проводить время в пустяках» [3, 45].

Однако специфика значения фразеологических оборотов состоит в том, что конкретное метафорическое значение переменных словосочетаний переосмыслено, обобщено – образ стерся, он лег в основу реального значения фразеологизма, не совпадающего с его генетическим значением.

Фразеологические единицы близки к слову семантически и функционально-грамматически, в подавляющем большинстве случаев они дублирует слова и словосочетания, употребляясь для обозначения тех же понятий, которые обозначаются отдельными словами, но в отличие от слова, фразеологизмы, за исключением тех из них, которые выполняют роль служебных слов, эмоционально-экспрессивно окрашивают тот смысл, носителем которого они являются, характеризуют и обнаруживают отношение говорящего к предмету речи. Т.е. если в слове превалирует номинативность, то во фразеологической единице выдвигается оценочный характер. Например: «у черта на куличках» – далеко, «маменькин сынок» – баловень, «затянуть потуже пояс» – терпеть лишения, «точить лясы» – болтать, «носить на руках» – обожать, «бог даст» – может быть, «трепать языком» – болтать и т.д.

Функционально – грамматическая близость фразеологической единицы и слова приводит к своеобразной способности некоторых из них свертываться, т.е. формировать продуктивные слова. Так, рядом с «бить баклуши» в русском языке имеется глагол «баклушничать», то есть бездельничать, и производные существительные «баклушник» (бездельник) и «баклушничество» (бездельничать).

Словами, образовавшимися в русском языке на базе фразеологизмов являются также: «очковтирательство» («втирать очки»), «сумасшествие» («сойти с ума»), «зарплата» («заработная плата»).

Имеющиеся различия в образовании слов и фразеологизмов объясняются их различным устройством, в отличие от слов фразеологизмы имеют раздельнооформленное строение. Фразеологизм создается посредством семантического взаимодействия компонентов словного характера, т.е. из целно оформленных единиц, которые связаны друг с другом по типу словосочетаний.

Сами же слова порождаются взаимодействием определенного состава значащих единиц – морфем, доля участия которых в образовании

значения слова неодинакова: основная семантическая нагрузка всегда принадлежит корневой морфеме, а остальные морфемы формируют словообразовательное и грамматическое значение, то есть употребляться самостоятельно, вне слова они не могут.

Добавление какого-либо аффикса к слову или изъятие одного влечет за собой изменение слова до неузнаваемости (ср. «гцз» – «гцзлйк», «һафта» – «һафталык», «баш» – «башлык», «пармак» – «пармаклык»; «щепка» – «прищепка», «звон» – «перезвон», «время» – «вовремя».

Следует отметить, что фразеологизмы могут быть эквивалентны:

а) существительным: на турецком языке: «кара севда», «баш беласы»; на русском: «ахиллесова пята», «птица высокого полета».

б) глаголам: «башта ташымак» – «подпирать стену».

в) прилагательным: «сйслй пйслй», «айын он дйрдй гйбй» – «мешком прибитый», «кожа да кости».

г) междометиям: на турецком: «йапма йаһу», «oh олсун»; русский эквивалент – «помилуй бог», «не дай бог»,

е) модальным словам: на турецком – «йери гелмишкен», на русском – «и кстати говоря».

Однако их синтаксическая роль в языке одинакова – фразеологическая единица, также как и слово, в составе предложения выполняет коммуникативную функцию, является членом предложения, хотя синтаксические связи слов внутри самого фразеологического оборота приглушены единством его семантики, но не устранены совсем.

Приведем два примера:

«О сусарак чалышыьорду» – «Он работал молча».

«О аьзына таш аларак чалышыьорду» – «Он работал, словно набрав в рот воды».

«Сусарак» – «аьзына таш аларак» и «молча» – «словно набрав в рот воды» выступают в речи в качестве синонимов: они одинаково с понятийной стороны характеризуют действие, выраженное глаголом, являясь в предложениях обстоятельствами образа действия. Отличаются эти синонимы стилистически: «молча» и «сусарак» – слова стилистически нейтральные, «спустя рукава» и «аьзына таш аларак» – разговорные стилистические обороты.

Таким образом, фразеологизмы обладают формальными и содержательными признаками сразу двух уровней – лексико-семантического и синтаксического, в полной мере не принадлежа ни одному из них. Фразеологизмы возникают в результате синтеза названных уровней. Эта промежуточность фразеологизмов ставит их на середину между словом и предложением.

Фразеологизм – это гибридная единица языка, функционально и семантически тяготеющая к слову, а в формальном отношении напоминающая синтаксические единицы.

Следует отметить, что частое употребление одного и того же фразеологизма в роли определенного члена предложения сближает его со словом определенной части речи. Так, например: «суда балык гиби», «таш гиби», «син гиби», «бурнунун дибинде» - «засучив рукава», «как пить дать», «как снег на голову», «с пеной у рта» выступают подобно наречиям в роли обстоятельств образа действия, места и т.д. Такие фразеологические единицы называют наречными.

Фразеологизмы «минаре кырылмасы», «маһаллеби чосуғу», «анасынын кузусу», «адам евлaды», – «ни рыба, ни мясо», «шишка на ровном месте», «ни пава ни ворона» по своей структуре и по употреблению в предложении ближе стоят к именам существительным. Их называют именными.

Фразеологические единицы «ағыр башлы», «ешек кафалы», «tavəan yurekli», «алны ачык ййзү ак», «ели ачык», «одсуз осаксыз», «гери зекалы» - «в чем мать родила», «как маков цвет», «подбитый ветром» выступают в предложении в роли определений и поэтому сближаются с прилагательными. Такие фразеологизмы называют адъективными.

Очень много фразеологизмов, которые в предложении выполняют роль сказуемого, что сближает их с глаголами. Поэтому в лингвистической литературе их называют глагольными. Например: «бційк йемин етмек», «аллак буллак олмак», «барутла ойнамак», «ағзы сүт кокмак» - «звонить во все колокола», «рубить с плеча», «бросать вызов».

Гораздо более сложным является вопрос о различиях между фразеологизмами и свободными словосочетаниями. Основная трудность решения этой проблемы заключается в том, что по своей внешней форме фразеологические обороты в большинстве случаев не отличаются от свободных словосочетаний, но отличаются от них либо цельностью номинации, либо особым характером значения (идиоматичностью).

Поскольку основные отличия фразеологизмов от свободных словосочетаний не заключаются во внешней структуре, главное внимание при решении этого вопроса следует уделить изучению особенностей их внутренней, лексико-семантической структуры. Такой подход к проблемам разграничения фразеологических оборотов и переменных сочетаний слов можно объяснить тем, что их внешнее сходство очевидно, а различия будто не имеют чисто структурных закономерностей, позволяющих проводить разграничение свободных словосочетаний и фразеологизмов, опираясь на определенные структурные закономерности, как например, при разграничении словосочетания и сложного слова.

Свободные словосочетания характеризуются следующими особенностями внутреннего устройства:

– слова, входящие в состав свободного словосочетания, употребляются преимущественно в своем прямом значении (войти в дом, читать книгу, белый шатер, усталый человек и т.д.);

– слово, вступившее в свободное сочетание с другим словом, может также свободно сочетаться и со всеми другими словами, относящимися к той же семантической группе;

– значение любого свободного словосочетания всегда представляет собой простую сумму значений его компонентов.

У фразеологических оборотов же имеются следующие особенности:

– при образовании фразеологических оборотов слова, составляющие их, очень часто употребляются не в прямом, а в переносном значении;

– слово, входящее в состав фразеологического оборота, не может свободно сочетаться со всеми другими словами данной семантической группы.

Указанные выше особенности присущи всем фразеологизмам. Сравним, например, различия между свободными словосочетаниями «жаркое лето», «прохладное лето», «дождливое лето» и устойчивым словосочетанием «бабье лето». Последнее характеризуется, прежде всего, тем, что слово «лето» утратило свое обычное, номинативное значение, так как «бабьим летом» называют не само лето, а теплые дни в начале осени.

Менее ярко отличительные особенности устойчивых словосочетаний проявляются в фразеологизмах терминологического характера, которые наиболее близки по своей семантической структуре к свободным словосочетаниям и сохраняют многие признаки последних. Так, например, в терминологическом словосочетании «почтовый ящик» компоненты его сохраняют свое прямое номинативное значение (это действительно ящик, имеющий самое непосредственное отношение к почте).

Итак, вопрос о соотношении свободных и устойчивых словосочетаний может быть разрешен следующим образом: все свободные словосочетания должны обладать указанными выше тремя основными свойствами. Отсутствие хотя бы одного из них делает словосочетание более или менее устойчивым и тем самым превращает его в фразеологический оборот.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Aksoy Ö.A. Atalar sözleri ve deyimler sözlüğü, Ankara Üniversitesi Basınevi, 1976. - 968s.
2. Bahadınlı Y.Z. Türkçe deyimler sözlüğü, İstanbul, “Hür”, 1971. - 110 s.
3. Даль В.И. Пословицы русского народа, Москва, «Гослитиздат», 1957. - 986с.
4. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка, - Москва: «Высшая школа», 1989. - 195с.
5. Шмелев Д.Н. Современный русский язык. - Москва: «Просвещение», 1977.

## *Түйіндеме*

*Бұл мақалада түрік және орыс тілдері фразеологиялық бірліктерінің арақатынасы сөздермен және еркін сөз тіркестері*

арқылы қарастырылады және олардың жасалты және түрлі қасиеттері белгіленеді. Ғылыми қайнар көзі ретінде беделді түрік және орыс лингвистопаремииологтардың тиісті еңбектері қолданылған.

### **Resume**

*The article is about comparison of Turkish and Russian phraseological units with words and free combinations of them, underlining the common and different features. The according works of both nations' well-known linguists are used as scientific sources.*

ӘОЖ 81' 233

## **МӘДЕНИЕТТЕР МЕН ТІЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ АУДАРМАДАҒЫ ОРНЫ**

**Қ.Х. Рақымжанов**

*С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

**К.М. Әбішева**

*«Тұран -Астана» университеті*

Кез келген аударма қалай жасалса да, тілдік тұлға-аудармашы мүшесі болып табылатын қоғам мәдениетінің ерекшеліктерінен туындайтын қандай да бір ауытқушылықтың кездесуі мүмкін. Осыған байланысты мәдениеттердің ұлттық айырықшылығына және мәдениеттер компоненттерінің ұлттық формасы мен ұлттық колориті бар тілге қызығушылық арта түседі. Бір тілден екінші тілге аударуға мүмкін болмау проблемасы қоршаған ортаның әр түрлі әлеуметтік-тарихи және табиғат-климат жағдайында, халықтардың тіршілік ету үдерісінде, адамдардың қызметінің маңызы мен мақсаты туралы жинақталған түсініктерінде, болмысының, іргелі құндылықтарының мөнінде көрінетін халықтың табиғат пен әлеумет ақиқатын ерекше түсінуінің нәтижесі болып табылатын элементтерінде, категорияларында, компоненттерінде, ішкі формасында, айтылу тәсілінде ерекшеліктері бар мәдениеттер мен тілдердің айырмашылығы мен тікелей байланысты. Әр түрлі экологиялық, табиғат-климат жағдайларында белгілі бір шаруашылық қызметінің түрімен айналысу үдерісінде түрліше өмір салтын ұстанатын этностар қоршаған ақиқатты өздері қалыптастырған сол ортада тіршілік етуге, өмір сүру мәніне лайық дүниетанымы арқылы түрліше қабылдайды. Адамдар өмір сүретін табиғи-географиялық және әлеуметтік-тарихи орта әр түрлі болғандықтан, әр қилы табиғи-географиялық әлеуметтік ландшафттарда, шаруашылық қызметтің әр түрімен айналысатын адамдардың ментальды

қызметінің нәтижесі – мәдени пайымдары да әр түрлі болады. Олардың ұлттық формасы бар. Мәдениеттік элементтерінің ұлттық формасына түрлі бейнелерде шағылған халықтың ой-пікірлерінің жүйесін жатқызуға болады. Осы жүйе халықтардың тарихының, күнделікті тұрмысының, наным-сенімдерінің, әдет-ғұрыптарының, дағдыларының, талғамдарының ерекшеліктерімен шарттанған. Сондықтан, басқа тілде көрініс тапқан ұлттық форманың ерекшеліктерін табу-аудармашының алдында тұрған ең қиын мәселелерінің бірі.

Халықтың өткені, тұрмысы, тарихы, нені ұнатып, нені ұнатпайтыны, өзіне тән ассоциациялар жүйесі ұлттық формада айнадағыдай көрініп тұрады. Аударма кезінде ұлттық форма бастапқы тілді бөтен грамматикалық нормаларға бейімдеумен емес, халықтың ұлттық және әлеуметтік айырмашылығының мәніне бойлаумен, ұлттардың психикалық бірлігінің тілде қалай айтылатынын иланымды етіп ашып көрсетумен жеткізіледі. Ұлттың психикалық құрылымы әлдебір ұлысқа, ұлтқа тән ерекшеліктерінің жиынтығын, ұлттың колоритте көрініс тапқан алуандылығын білдіреді.

Ұлттық колоритте сыртқы нышандар мен ұлттық тілмен байланысты ішкі айырмашылық бар. Сыртқы нышандар – халықтың ұлттық-тарихи өмірінің, мәдениетінің, мінезінің, әдет-ғұрпының, сезімінің, көзқарасының көріністері мен ырымдары. Ішкі айырмашылық ұлттық тілмен байланысты. Тіл қатынас құралы ғана емес. Онда халықтың болмысы мен ойының айырықшылығы, бүкіл тарихы, сондай-ақ елдің тарихы із қалдырған.

Ұлттық тілдің ішкі айырықшылығы екі категориясында байқалады. Оның бірінші категориясына ұлттық өмір тәсілі, болмысы мен тығыз байланысты топонимдерді, ономастиканы, реалияларды, туысқандық қатынасты білдіретін сөздерді, ұлттық рәсімдерді, ұлттық түрді, қылықтарды бейнелейтін сөздерді жатқызуға болады. Екінші категориясына тілдік құрылымның ерекшелігімен байланысты ұлттық колориттың компоненттерін жатқызуға болады. Олар: идиомдар, мақал-мәтелдер, вульгаризмдер, жаргонизмдер, диалектизмдер, одағайлар, теңеулер, эпитеттер» [1, 24]

Ұлттың ерекшелігі туралы түсінік беретін мәдениет нышандарына мынадай ұлттық-айырмашылық компоненттері жатады:

Дәстүрлер (немесе мәдениеттің тұрақты элементтері, сол сияқты әдет-ғұрыптар (мәдениеттің соционормативтік саласында дәстүр сияқты саналатындар) мен рәсемдер, ритуалдар (сол қоғамда үстемдік етуші нормативтік талаптар жүйесіне ырықсыз (саналы түрде емес) қосылу функциясын атқаратындар); 2) Дәстүрлермен тығыз байланысты тұрмыстық мәдениет, оның халық мәдениетімен тығыз байланысы бар соның салдарынан жиі дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет деп аталады; 3) Күнделікті мінез-құлық (кейбір мәдениет өкілдерінің қатынас нормасының сол социумында қабылданған әдеттері, қылықтары), сондай-ақ соған байланысты кейбір

лингвомәдени қауымдастық мүшелері қолданатын мимикалық және пантомимикалық (кинетикалық) кодтар; 4) Белгілі бір мәдениет өкілдерінің қоршаған ортаны қабылдау айырықшылығын көрсететін «әлемнің ұлттық суреттері», ойлау ерекшеліктері; 5) Белгілі бір этностың мәдениет дәстүрлерін танытатын көркем әдебиет (Текст как явление культуры, 1989).

Ғалымдар мәдениеттің осы компоненттерінен басқа мәдениеттің ұлттық айырмашылығын түсінуге кілт бола алатын мәдениеттің тірек сөздерін бөліп қарастырады, себебі олар белгілі бір тіл иелерінің ойлау жүйесін танытып, қалыптастырады. Сондықтан А.Д. Шмелев мәдениет концептісін маңызды категория ретінде түсіндіре келіп, былай деп жазады: «Осы көзқарастарға (Гумбольдтың, Сепирдің, Уорфтың) сай тіл және ойлау тәсілінің бір-бірімен тығыз байланысы байқалады: бір жағынан, тілде осы тіл иегерлері үшін маңызды мәдениеттің ұстанымдары бейнеленеді; екінші жағынан, тілді игеру барысында, яғни сөздердің мағынасын меңгеру кезінде тілдің иегері нақты әлемді туған тілінде бейнеленген көзқарастарға сай түсінеді, себебі тілдік белгілерде осы мәдениеттің өкілдерінің көзқарастарына сай құндылықтар, менталдық бейнелер көрініс береді. Сондықтан да концепт ретінде рәсімделген сөздер бір жағынан тіл иегерлерінің тәсілін бейнелесе, екінші жағынан менталдық бейнелерін тілде суреттейді».

1990 жылдардан бастап «әлем суреті» мен «мәдениет категориялары» ұғымдары «концепт» пен «концептосфера» сияқты басқа терминдермен ығыстырыла бастады. Анна Вежбицкаяның «Понимание культур через посредство ключевых слов» еңбегі жарыққа шыққан соң мәдениеттану мен лингвомәдениеттануда осы ұғымдар танылды, онда автор мәдениетті концептер тізбесі ретінде қарастыру керек екенін атап көрсетеді, соның ішінде Вежбицкая, бір жағынан, барлық тілдерге ортақ семантикалық әмбебаптарды, екінші жағынан мәдени-айырықша ұғымдарды бөледі. Соңғылары нақты мәдениет кеңістігінде жатады, олар шет жерде «жұмыс істемейді» - өзге мәдениет дәстүріне сәйкеспейді. А. Вежбицкаяның ойынша, «ашу», «қуаныш», «қайғы» концептілері әр түрлі тілдерде пайдаланбайтын «дәмге» ие. Осы семантикалық айырмашылықтардың артында басқа әлемнің тілдік суретінің жалпы көзқарастық ұстанымы жатыр» [2].

Лингвомәдениеттануда «концепт» ұғымы «мәдениет категориясы» ұғымының синонимі ретінде қарастырылады, себебі, концепт мәдениет категориясы тәрізді әлемнің ментальді суретінің бірлігі ретінде зерттелінеді. Концепт ұзақ мерзімді жадында сол ұғыммен байланысты барлық белгілі мәліметтер мен фактілерді «суыртпақталатып» әлдебір мәдениеттің ассоциациялық кеңістігінен өткізеді. Ю.С. Степанов та концептке «кең мәдени ұғым», «адамның басындағы мәдениет шоғыры», - дейді. Мәдениетті Ю.С. Степанов концептілердің жиынтығы, олардың

байланыстарының шоғыры деп түсіндіреді, сондықтан да ғалым концепті мәдениеттің адамның менталдық әлеміндегі негізгі торы деп санайды.

Концепттер мәдениеттік тірек сөздері ретінде этносты әлем туралы мәдени-ұлттық түсінігін бейнелейді. Олар санада ментальды мән ретінде көрінеді, алайда тілде аты бар және белгілі бір тілдің құралдарының көмегімен экспликацияланады. Көптеген концептер әмбебапты, мысалы «қайырылымдылық», «еңбек», «уақыт», «кеңістік», «бақыт», «тағдыр», «сұлулық» және басқа концептер басқа мәдениеттерде негізгі категориялары ретінде ұшырасады. Осы концепттердің айырмашылығы, біріншіден, сол этносқа тән әлем туралы түсініктерін, құндылық бағдарларын, этностың дүниетаным қондырғыларын, ерекше архетиптерді адамның мінез құлқын қоршаған әлемді түсінуін қалыптастыратын этностық ұжым психикасының саналы және санадан тыс элементтерінің жиынтығын көрсетуінде осының бәрі санамызда мәдениеттің тұрақты принципі ретінде байқалатын мәдениет константтары болып табылатын ментальды құрылымдар түрінде сақталады. Екіншіден, көптеген мәдениеттерде бар әмбебап концепттерден өзге тек сол мәдениеттің шеңберінде қалыптасып, оның құндылықтық принциптерін танытатын айырықшалары да бар. Үшіншіден, концепттердің экспликациялық тәсілдері мен ассоциациялық өрістері әрқилы және түрлі халықтардың тілдік әлем сүретінде барабар емес. Төртіншіден, түрлі мәдениеттердің концепттері ерекше мәдени мағынаға ие. В.Р. Козловский мәдени мәнді ой айқындылығы деп біледі: «мәдени мән мәдениеттік жалпылықты бейнелеумен қоса әлемнің компоненттерінің заттық-мағыналық және белгілілік-символикалық мәдени жалпылығын және табиғилығын, әлемді меңгерумен байланысты адамдардың тәжірибесін бейнелейді. Олар мәдени әлемнің жан-жақты ұғынған, түсіндірілген шынайылығы. Солар арқылы өмір үшін мәнді әлемге деген көзқарастарды, ұстанымдарды бейнелеуге болады» [3,91].

Концептердегі мәдени мағына қатысты және абсолютті болуы мүмкін. Концептке қатысты мәдени мағына басқа мәдениеттермен кездесу мен диалог кезінде танылады, ал концептің абсолютті мағынасы белгілі экологиялық қуыста және шаруашылық қызметтің арнайы түрімен айналысқанда сол этностың құндылық қондырғылары, өмір салты арқылы көрініс береді. Сол мағына құбылыс туралы түсінік пен тәжірибе жинақтау нәтижесінде, бір ұғымға сиғызылатын белгілі өмір мағынасы ретінде әлдебір мәдениет өкілдерінің іштей түсінуімен анықталады. Өмірлік мағына мәдени мағынаның түрі ретінде халыққа, руға тән жоғары құндылықтарды білу негізінде танылып, адамның басқа адамдармен және әлеммен бірігуі, өзін соларға ұқсатуы, адамгершілік мағынасына ие болуы мүмкін. Қоғамда әлеуметтену үдерісінде адам бойына сіңірген өмірлік мағына адамның өзін басқалармен тең сезінуіне, ауыртпалықты көтеруіне, жақын-жуықтарымен ылтипатты болуына көмектеседі.



Өмірлік мағына адамға қоғамның белгілі бір нормаларын сақтағанда жуғады. Бұл нормалар, мәдени құндылықтары-бірге өмір сүру принциптерін (әдет-ғұрып, мінез құлық пен сана) болып табылады. Нормативтік құндылықтарда, мінез-құлық өнегелерін де, архиптер де, концептің мәдени-ментальдік ядросында орналасқан. Адам объективті ақиқатты өз санасында айнадағыдай жарқыратпағанмен, осы әлемді әрқашан белгілі бір құндылықтар тұрғысынан сезінеді. Құндылық ақиқат дүниесінің бірінші формасындай көрініп, санаға адамның құндылықтық қатынасы арқылы кіреді. Мәдени мағына адамның объективті әлем дүниесіне құндылықтық қатынасын, соған қатынасты құндылықтық бағдарын, бағасын білдіреді. Концепттер өзінің мәдени менталдық құрамалары-мәдени мағынасында ментальдық түсінік түрінде құндылық принциптерін, қондырғыларды, құндылықтық бағдарларды, заттың мәні туралы түсінікті, нормативтік қондырғыларды, талаптарды айту мүмкіндіктерін, мінез-құлық үлгілерін қамтиды. Концептің мәдени-ментальдық компонентіне енетін осы менталдық түсініктердің бәрі әр түрлі бейнелеп және бейнелемей айту құралдарының көмегімен түрлі тілдерге эксплициялануы мүмкін. Әмбебапты концепттерде мәдениет категорияларының жиынтығы – концептосфералардағы менталдық құрылымның ұқсастығына қарамастан әр түрлі тілдік әлем суреттерінде, әр түрлі номинативтік және бейнелік түсінік бар. Мысалы «уақыт» концепті көптеген тілдерде әмбебапты, объективті әлемнің айырықша құрылымдануы мен оның концептуалдануының нәтижесі ретінде көрінетін мәдени-тілдік айырықшылыққа ие. Мәселен, қазақтарда «уақыт» категориясы қатысты табиғатпен және әлеуметтік өмірмен бірігіп кеткен шаруашылық қызметпен байланысты ерекше этностық дүниетаным қалыптасқан. Қазақтар уақытты сезіммен қабылдайды. Онысы негізгі кәсібі–мал шарушылығынан туған. М. Орынбековтің сөзімен айтқанда, «протоқазақтардың болмыстық реалияларына жақындығы, қабылданатын және бақыланатын құбылыстарға сезімдік жақындылығы, осы болмыста өзін-өзі батыл ұстауы – осының бәрі де уақытты түсінуде көрініс берді» [4,12].

*Мифологиялық уақыт* арқылы мифологиялық уақыт жайлы баяндайтын уақиға шектері, нақты уақиғалар өлшенетін уақыт. *Экологиялық уақыт* белгілі бір маусымдарға байланысты жұмыстар бойынша анықталады (көктеу, күзеу, жайлау, қыстау). Экологиялық уақыт бойынша тәуліктер де «уақыт бөлектеріне бөлінеді» («тан», «сәске», «ақшам», «ымырт», «сам батарда» және т.б). *Генеологиялық уақыт* уақытты рулық хроника негізінде есептеуге мүмкіндік береді, мысалы: «Божейдің асынан бес жыл бұрын туған», «*Бұл арқада, Сағынның асы берілгенде болған*» сөйлемдерді уақыттың өмірінде есте қалатын уақиғалардың басталатынын көрсетеді. Әдетте уақыт есебі әйгілі астардан басталған. *Жағдайлық уақыт* мал күтіміне және басқаларына байланысты әлдебір шаруаны атқаруға, жұрттың нақты кәсібімен

айналысуына кететін мерзім өлшемімен байланыстырылады; мысалы: «бие сауым уақыт», «ат шалдырым уақыт», «қозы жамыраған кез», «қой қоралаған мезгіл», «шай қайнатым уақыт», «ет пісірім уақыт» т.б.. Орыстың тілдік әлемінің тілдік суретінде уақыттың екі концептуалдық мағынасы бар. *Циклдік уақыт* қайталанушылықты, циклділікті білдіреді; мысалы мезгіл (*күзгі, жазғы, көктемгі, қысқы*). *Желілік уақыт* қайтып оралмайтынды, ағымдылықты білдіреді: «Ушло то время, когда мы были неразлучны» - «Жұбымыз жазылмайтын кез қайтып оралмайды».

Әр түрлі халықтардың мәдениеттері әр мәдениетке тән мәдениет сценарийлері, нормалары мен стереотиптері жағынан барабар емес. Мәдениет сценарийлері қоғамның мүшелерінің мінез-сипатын суреттеуге тағайындалмаған, олардың мақсаты сол мінез-қылықты реттейтін нормаларды өңдеуге бағытталған. Сол үлгілермен, әдеттермен адамдар саналы, санасыз ұғымда танысқан. Олар осы тілдік ұжым үшін эталон, фрейм ретінде қалыптасады» [5, 164-165].

Мәдениеттің өзіндік айырықшылығын көрсететін компоненттері салт – дәстүрлер, әдет – ғұрыптар, тұрмыстық мәдениет, күнделікті мінез – құлық стереотиптері, тілдік әлем суреті, мәдени дәстүрлерін бейнелейтін көркем мәдениет қана емес, әлдебір мәдени сценарийлерді актуалдендіруге байланысты концепттер – мәдениеттің тірек сөздері екенін де көреміз, №8 нобайды қараңыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- суффикс *-ник*: *сайдачникъ* ← *сайдакъ* («воин, вооруженный луком, сагайдаком»); *латникъ* ← *латы*; *панцирникъ* ← *панцирь*; *бронникъ* ← *броня* («мастер, делающий брони или вообще доспехи»); *копейникъ* ← *копье* («кратник с копьем»); *кольчужникъ* ← *кольчуга*; *куячникъ* ← *куякъ* (ср.: *Было де колмацких людей... 150 человек куюшников и в пансырех* [4, с.155];

- суффикс *-щик*: *колонтарщикъ* ← *колонтартъ*; *копейщикъ* ← *копье*;

- суффикс *-ир*: *кирасиръ* ← *кирась*.

Приведенные слова образованы на древнерусской почве по моделям этого языка, однако отмечаются слова, обозначающие «лицо по роду занятий», которые были заимствованы из тюркских языков с этой структурой и значением. Напр., из тюркских языков заимствовано слово *тюфякъ* («катапульта, род пушки»), а также *тюфянчей* («пушкарь»), которое в языке-источнике имело тоже значение: турец. *tufakci, tufenkdzi* («пушкарь при пушке тюфяк») [6, с.452].

Ср. аналогичное слово *язычей*, обозначавшее «должностное лицо, занимающееся в восточных канцеляриях письменными делами», соответствующее по рангу русскому подьячему. В «Словаре малопонятных слов», составленном А.С. Булгаковым, слово *язычей* отождествлено со словом *язык* «пленник, от которого расспросами выведывают сведения о неприятеле: обвинитель, обличитель перед судом» [7, с.21].

При помощи этимологических изысканий на базе тюркских соответствий И.Г. Добродомов установил, что слово *язычей* восходит к тюркскому слову, ср.: татар. *йазучы* («писец»), турец. *jazygu* [8, с.60-65].

Тюркизм *лошадь* активно функционировал в древнерусском языке, ср. тексты из древнерусских памятников письменности:

*Дивно имя дружино оже лошади жалуете еюже то ореть, а сего чему не надо промыслите оже то начнеть орати смердь и приЪхавъ половчинъ ударить и стрЪлюю, а лошадь его поиметь, а в село его Ъхавъ иметь жену его и дЪти его, и все его имЪнье, то лошади жаль, а самого не жалли* (Лаврентьевская летопись);

*Даю за все за то два села съ обильем и съ лошадьми и съ борью и съ малыми селищи и пнь и колода одерьнь стому Гергью* [4, с.288-289].

Будучи полностью адаптированным к лексической системе древнерусского языка, слово *лошадь* имеет большое количество родственных слов: *лоша*, *лошенокъ* «жеребенок», *лошнякъ* «годовалый жеребенок», *лошакъ* «молодой жеребчик», *лошота* «лошадь» [2, с.269-270], *лошаденка*, *лошаденко*, *лошадинка*, *лошаденце*, *лошаденок*, *лошадинный*, *лошадка*, *лошадишко*, *лошадинникъ* «кузнец, подковывающий лошадей» [4, с.288-289].

Ср. в древнерусских письменных памятниках:

*Мнози съ голоду помроша, а инии лошадину ядоша въ великое говѣние* [5, с.288]; *Да тѣ же работници опрочѣ кузнецов и лошадинников били челом великому гсдрю* [4, с.288]; *Волосу лошадина гривенного и хвостого фунтъ. Для прикормки въ рощахъ волковъ [дать] лошадиного мясица на 8 алтынъ; Дали есмь вкладом...шесть меринов и с снастью с лошадиною; Куплено одиннатцать дугъ лошадиных* [4, с.288].

Ср. названия мяса животных в русском языке образуется от названия животных присоединением суффиксов женского рода *-ина*, *-атина*, *-ятина*: баранина (баран), осетрина (осетр), конина (конь), телятина (теленки), поросятина (поросенок).

В казахском языке эти названия передаются сочетаниями определяющего слова (названия животного): *қой еті* (баранина; букв. баранье мясо), *сыыр еті* (говядина), *жылықы еті* (конина), *бекіре балықтың еті* (осетрина), *аю еті* (межвежатица), *бұзау еті* (телятина) [9, с.98].

В древнерусском языке не все заимствования военно-административной сферы дают дериваты, то есть служат словообразовательными основами. Таковы слова *ага*, *ака*, *алтаут*, *аман*, *аскер*, *баранта*, *барантаг*, *башибузук*, *бегеул*, *берендеи*, *бирюч*, *бичагъ*, *балобан*, *буздыхан*, *бутурлук*, *дефь*, *джирит*, *елман*, *калгай*, *калкан*, *калхан*, *кальть*, *каптурга*, *кончар*, *кирджали*, *курмыш*, *кутаз*, *матрабаз*, *мелик*, *мергенъ*, *мулла*, *наиб*, *нишань*, *олберы*, *паша*, *пуло*, *редиф*, *сагтий*, *сайгат*, *сакма*, *самчий*, *санджак*, *сарай*, *селямлык*, *сердар*, *сураз*, *тарас*, *томар*, *тудук*, *тулун*, *чауш*, *тюфяк*, *фирман*, *шубаш*. Отсутствие деривационных связей, в частности, сигнализирует об особенностях употребления данных лексем. Они: а) встречаются только в памятниках: *алтаут*, *бегеул*, *берендеи*, *бирюч*, *буздыхан*, *олберы*, *пуло*, *сагтий*, *самчий*, *сеунч*, *сураз*, *тарас* и некоторые другие; б) являются экзотизмами: *ага*, *ака*, *аман*, *мелик*, *мулла*, *наиб*, *нишань*, *паша*, *редиф*, *санджак*, *селямлык*, *сердар*, *сын*, *чауш*. в) употреблялись в древнерусском языке только в определенный период или в определенной местности: *баранта*, *барантаг*, *бичагъ*, *бутурлук*, *джирит*, *елмань*, *калкан*, *калхан*, *кальть*, *каптурга*, *курмыш*, *кутаз*, *матрабаз*, *мергенъ*, *сакма*, *томар*, *тудук*, *тюфяк*.

Все это еще раз подтверждает положение о том, что в каждом языке находят выражение те черты действительности, которые представляются существенными, значимыми для носителей языка-культуры, и что, овладевая языком и культурой, носитель языка-культуры начинает видеть мир под

углом зрения, подсказанным его языком, и сживается с концептуализацией мира, свойственной его культуре. [1, с.304-305].

Процесс деривации тюркского происхождения в древнерусском языке говорит о высокой степени освоенности тюркизмов в данном языке, свидетельствует о глубине «вхождения» предметов, ими обозначаемых, в сознание русского человека, о приобретении ими культурной ценности в русской лингвокультуре.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Сабитова З.К. Тюркизмы как феномен евразийской культуры // Труды Пятого Международного Евразийского форума «Мир Евразии: история, современность, перспектива». – Астана, 2006. – С.303-306.
2. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. – М.: Русский язык, 1999. – Т.1-4.
3. Срезневский И.И. Словарь древнерусского языка: В 3 т. – СПб., 1893. – Т.1: А-К; 1895. – Т.2: Л-П; 1803. – Т.3: Р-W и дополнения А-ІА. (Репринтное издание. – М.: Книга, 1989).
4. Словарь русского языка XI-XVII вв. / Гл. редактор С.Г. Бархударов. – М.: Наука, 1975. – 320 с.
5. Словарь древнерусского языка (XI-XIV вв.): В 10 т. / АН ССР Институт русского языка. Гл. редактор Р.И. Аванесов. – М.: Русский язык, 1988-1989. – Т.1-10.
6. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка: В 4 т. – М.: Изд-во АСТ, 2003. – Т.1-4.
7. Кулмаматов Д.С., Панжиев Н.П., Махматкулов С.М. Проблемы языковых контактов и трансформационного анализа. – Термез, 2001. – 110 с.
8. Добродомов И.Г. Этимологические маргиналии тюрколога по русской лексикографии // Этимологические исследования. – Свердловск, 1984. – С. 60-65.
9. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков . Морфология. –Алма-ата, 1968. –С.458

### *Түйіндеме*

*Мақалада түркіден шыққан дериваттар, олардың көне орыс тіліндегі ерекшелік деңгейі қарастырылады.*

### *Resume*

*In this article there are considered derivatives of Turkic origin, and the level of their adaptation into Old Russian military administrative language.*

ӘОЖ:32 (524)

## ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕСІНІҢ КӨРКЕМ ДРАМАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

**Б.Ә. Ысқақ**

*С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

Т. Әбдіктің «Оң қол» әңгімесі көптеген жазушыларға ой салды. Қараңыз: «оң қол басқа қулық ойлап тапты. Ол Алманың көзі ілінісімен байлаудан жұлқынып, дамылсыз ырғап, оята бастайды». Жазушы кейіпкердің өз санасынан тыс ниетін іс-әрекетке көшіру үшін дерексізді деректендіру тәсілін қолданған, оң қолды бұйрық орындаушы етіп жандандырған. Алманың оң қолы шынымен де өлтірді ме екен деген ой басыңнан кетпей қояды. Жазушы трагедияның себебіне үңілтеді: «өзін-өзі өлтіру ниеті қыздың миында бар деген сөз. Бірақ ол ниет кімнің ниеті, қайдан келген. Алманың бүкіл өткен өмірін, мінез-құлқын, адамдардан қарым-қатынасын зерттей келіп, мұны өз басынан туған ниет деуге себеп таба алмадым. Бұл қалайда қанмен, тұқым қуалап келген ниет. Науқастың шешесі, иә әкесі, иә әкесінің әкесі бір кезде өзін-өзі өлтірмек болған. Енді олар әлдебір құпия заңдылықпен Алманың санасында тұрып, өздерін-өздері өлтіргілері келеді. Бірақ олардың өздері жоқ. Санасының иесі – қыз өлуге тиісті». Мұсылман халқында өзіне қол салған денені жерге аруламай береді. Шарифатқа сәйкес келмейді деп түсіндіретін жайтты Т. Әбдік суреткерлік қиялымен өрнектеген. Жазушы жақсылықтың да, жамандықтың да жеті атаға кететін заңдылығына қайта оралтады. Психиатриялық аурухана құпиясын жария еткен алғашқы әңгімелердің бірі – «Оң қол» болатын. Қазіргі кезде таңсық емес құбылыс: «ішкі тұлғаның екіге жарылуы деп атайды. Психопатологияның бір түрі. Яғни бір дененің ішінде екі түрлі «жан иесінің» кезектесіп, не қатар өмір сүруі. Мұның бәрі мидың шешілмей жатқан жұмбақтары ғой...», – деп баяндалған. Жазушының «дәрігердің әңгімесі» деп айдар тағуының өзі оқырман сеніміне кіріп, оқып-білгенінен ғибрат алуға көмектесе түскен. Т. Әбдік дәрігер монологы арқылы жалпы адамзаттық мәселелерге тоқталады: «Олардың ешкімге ешқандай зияны жоқ. Егер дүниедегі бар зиянкестікті тексерер болсақ, солардың бәрін жындылар емес, сау адамдар жасаған ғой». Сол сияқты қазақтың діліне сіңген туыстық-бауырластықтың мәні қаншалықты күш екеніне назар аудартады: «Дүниедегі ең қиын зат жалғыздық қой. Төңірегінде іштегі қайғы мен қуанышыңды өзінмен бөлісе алатын жан серік адамдар барда тірліктің де, өлімнің де бір мағынасы болуы хақ. ... сенің өлімнен қашып, тіршілікке ынтығуыңның өзі сол тіршіліктің мағынасы барын дәлелдейді». Өркениетті елдердің бақуатты адамдарының көпшілігінде байқалған психологиялық

жалғызсыраудың төркініне Т. Әбдік осы әңгімесінде нүкте қойған. Тағы бір ерекшелеп талдай түсу керек түс – жазушы үшін рухани байлық бәрінен жоғары тұрады. Қараңыз: «Алма бойындағы рухани жалғыздық та осыған ұқсас бірдене еді. Мен Алманың жалғыздықтан құлазыған көңіліне қалай да олай жалғыз қарасын болып енгім келді». Жазушы әңгімесінің адамдарға рухани демеу боларына көңіл сенеді. Кейінірек А.Кемелбаевада «Жан иесі» секілді әңгіме тақырыбы сана мен қиял құпиялығы мендеген пішіні бөлек кейіпкерді, әдеби мінезді әкелді. Әдебиеттануда: «Әдеби мінез – кейіпкердің мінез бітімі, адам бойына, психологиясына, қимыл әрекеттеріне тән сан түрлі қасиеттердің бірігіп, біте қайнаған тұтастығын танытатын мінез-құлық өзгешілігі» [1, 97],– деп тұжырымдалған. Т. Есембеков докторлық диссертациясында М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Т. Әбдіктің «Оң қол» әңгімелерінің көркем драмалық табиғатын сөз еткен. Тартыстың пішін мен мазмұнға және кейіпкерге қатыстылығы талданған. Әңгіменің образдық құрылымында қандай да болмасын тартыс белгісі болатыны айтылған. Қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты Н. Смағұлованың кандидаттық диссертациясында байыпталған [2]. Онда тартыс категориясының А. Байтұрсыновтан бастап М. Әуезов, Н. Абалкин, С. Мұқанов, С. Ордалиев, Р. Бердібаев, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайлов, З. Қабдолов, Т. Есембековтерде жинақталғаны айтылады. Н. Смағұлованың: «Қазақ қаламгерлері қалыптасқан дәстүрлі тартыстан қол үзіп, жаңа тартыс түрлеріне бара бастады. Бұндай тартыс түрлерінің қалыптасуына 20-30-шы жылдардағы қазақ жазушыларының әңгімелеріндегі модернистік бағыттың араға уақыт салып қайтадан қазақ прозасында көрінуі деп білеміз»,– деген пікірі өте орнықты. Ізгілік, адамгершілік, ішкі көңіл-күй толғанысы жеке адамға тән. Осындай сезімге ие тұлға арқылы тартыс құраған әңгімелер көбейді. Оралхан Бөкейге берілген мына пікір: «Авторлық даралықты жазушының өз қолтаңбасын танытатын стильдік амалдардың бірі кейіпкерлерді сөйлету, ойлату тұстары» [3, 116],– талдау нысанымызды бекіте түсті. Рабиға Сыздық бұл жазушы туралы былай деген: «Табиғатқа жан бітіре оған адамның қимыл әрекетін қасиет – қадірін тели суреттеу – Оралхан тілінің өзіне тән бір белгісі» [3, 114]. З. Қабдоловта: «Пейзаж жазушының стилін де белгілейді. Ал стиль – адам. Пейзаж образ сырын ашады. Ал образ – адам» [4, 53],– делінсе бұл О. Бөкейде толық ашылған. Оралхан жазушының стилін табиғатты кейіптеуі айқындаған. В. Оскоцкийдің «Кенестік әңгімелердің жолдары мен тағдыры» деп аталатын мақаласында: «...Аңыздық баяндаулар өзіне тарта түседі, әңгіменің шарттылығы, «жерлік» шынайы нақты-тарихи тұрмыстан, әлеуметтік, психологиялық, ағысы жылдам өмірдің шегіне жеткен түбегейлі қоюлығынан аландатады, философиялық және адамгершілік мұраттарға бағытталған көзқарас, жинақталған көркем ойды баяндаудың көрнекі шығарылуы, біздің заманымыздың прозасында білінуі айқындалып келеді.

Бұл толқында ерекше құбылысқа із салушылар ретінде, Ш. Айтматовтың ұзақ әңгімелерін, О. Бөкейдің әңгімелерін, Э. Авхледиананы, А. Вальтонды және Р. Салуридi айтамыз»,– деп [5, 260] пікір білдіруі О. Бөкейдің ерекшелігін анықтайды. В. Бадиковтың айтуынша: «шынайы әдебиеттанушы, өткеннің деректеріне оралғанда, әрқашан оны бүгінгі күн әдебиетінің жағдайы ұстанымында қарастырады»,– [6, 8] дей келе, былай қорытындылаған: «Дәуірдің қопарыла ауысуына қарамастан, ол «бұрынғы» жазушы болып қалды. ... Бірақ кеңестік нұсқаушылық қысымынан құтылған кезде, одан әрі ол ерекше құбылысты ұлт адамдарын шабыттана жазды» [6, 307], «қаз-қалыпты-философиялық өзектілік бағытында мақсатты қозғалыс жасалды. ... әсіресе «Бура», «Ардақ», «Кербұғы» әңгімелерінде ...» [6, 309].

Оралхан Бөкей «**Ардақ**» әңгімесінде өз кейіпкерлерінің жеке тұрмыстағы әдет-дағдыларын нақты бейнелейді. Жазушы кейіпкерлері туралы екінші бір жазушы пікір айтқанда шындыққа жақындайтынын пайымдасақ: «...кейіпкерлері жан тазалығымен, өркениеттің тасжүрек есепқой қыспағына көнбеген табиғи жаратылысқа адалдығымен ерекшеленер еді ... адам баласын ең жаман әлсіздігі мен қылығы үшін де ақтап алғысы келеді. Әдетте бұл қасиет үлкен суреткерлерге тән қасиет...» [7, 6],– деп айтылуы Оралхан Бөкейге *жазушы көзімен үңілуімізге* көмек болды. Әңгімедегі Ардақ образы әсерлі шыққан: «Уақыт дегенің пенденің уысында тұрған ба, кеше ғана айқайлап жарық дүниені аңсай алқынып жайған, ертеңгі күнге талпынған Ардақ он бестен асып, он алтыға иек артты. Ал он алты жас қыз үшін нағыз көктемнің көріктеп бір құлпыратын шағы іспетті ғой» [8, 246]. Әдеби психологизм кейіпкердің өмір тәртібінің қарама-қайшылығынан басталады дегенді ескергендей әп-әсем Ардақтың бір кемшілігі бар: «Бір үйдің ұлы да, қызы да өзі боп, тым-тым ерке шалықтап өскен Ардақтың тілі де шолжың еді. Қаншама ысылдаса да «р-ға» тілі келмей, әке-шешесінің дымын құртты. Тіпті ата-анасы осы жалғыз қаріпті көп-көп қауіп санап, бойшаң тартып, соқталана өсіп келе жатқан сүп-сүйкімді қыздың бар бақытын жоқ ететіндей шошынатын» [8, 246]. Әңгімеде Ардақ кескіндемесін сана әлеміне тікелей қатысты суреттейді: жан қозғалысының қараңғы қалтарыстарын, жүректің нәзік дірілін, бір тоқтамға келе алмай, өзімен-өзі арпалысып қиналғанын, яғни жан-сезім құбылыстарын сыртқы көріністерімен қоса қабат бейнелеу өте ұтымды. Автор осы тәсілді Ардақты бейнелегенде шебер пайдаланады: «Шалабайдың ұлы Ардақпен тез табысты. Бірін-бірі қуып жасырынбақ ойнаған Ардақ: – «Ыстықтап кеттім, Алмас, суға түсейік»,– деген соң екеуі бірдей тырдай жалаңаш шешініп, көлге шомылды. Көлге шомылып жүріп осынау қаршадай қара ұлдан адамдар әйел-еркек болып екіге бөлінетінін, өзінің – қыз, Алмастың – ұл екенін түсінген... Алмас әкесіне: сақауланып сөйлейтінін, тіпті өзінің қыз екенін білмейтінін айтып қойды» [8, 248]. Бас кейіпкер Ардақ әр түрлі сыртқы жағдайлардың және ішкі толғаныстардың нәтижесінде үнемі өзгеріп, дамып отырады. Қараңыз: «Жігіт үріп ауызға салғандай қыздың аса

сұлу бітіміне таңырқай қарап, тамсанып отыр. Әсіресе, жұп-жұмыр аппақ мойны анау бұйра қою қара шашпен қамзол жағасын қосып жатқан алтын мойнақ секілді. «Аққудың көгілдіріндей екен?»– деді ішінен [8, 257]. Ардақ жастық базардың дәуреніне аттап өтіп, аналықтың қауызына бірден оранды: «Мінсіз ақ бетіне сепкіл қаптап, мұрнының үстіне нокта пайда болды. Балтыры мен қара саны да жуандап, дамбығып жеткен. Өте көңілсіз, салғырт». «Неге екенін білмеймін,– деді бір күні шешесіне,– өлгім келеді» [8, 263]. Оралхан жазушы табиғатқа тіл бітіру арқылы әңгіменің түйінін береді: «Сәбидін дүниеге келу мінін өз мойнына алған Марқакөл: «Әкең менмін» деп, тебірене күбірлеп жатыр» [8, 266]. Әңгімеде торы шолақ ат иесімен бірдей көңіл-күй кешеді: «Мал-екеш мал да жалғыздықтан құлазиды екен-ау. Обалың жер қойнына итше ырылдасып кіретін адамдарда шығар...» [8, 259]. Жазушы алда болған оқиғаны болжату мақсатында табиғатты сезім иесі ретінде суреттейді: «Марқакөл Ардақты тұнжырап, томаға-тұйық қарсы алды. Өкпелеп жатыр. Беті қара барқынанып көрінбейді» [8, 259]. Психолог жазушы тағдыр тәлкегіне ұшыраған Ардақтың соққысын жалғыздықта деп ұғынтады: «– Есің барда еліңді тап,– деген араздасып жатқан кемпір. Біздікі әншейін битке өкпелеп, тонымызды отқа салу екен. Кең дүниенің кемшілігі болмай тұрмайды. Басқа тепсе де жұртыңның қасында жүрсең, басың ауырып, балтырың сыздағандай болса, қол ұшын беруге жарады» [8, 245]. Оралхан Бөкей әңгімелерінде психологиялық талдау өнерін толық байқатқан, нағыз психолог жазушы. «Оралхан Бөкеев шығармаларындағы психологиялық шалымды жітілік, болмыспен, жеке адамның байланысы, көкейтесті күрделі мәселелер тереніне ұмтылу ... атап айта кетерліктей» [9, 69]. Зиялылықтың тектік бір белгісі өзіне-өзі немесе ісіне көңілі толмау болып табылады. Өзіне-өзі мақсат қойып қарау арқылы ішкі дүниесін бекітеді. Жазушы О. Бөкейдің шынайы өмірдегі өзін-өзі қамшылауы біртіндеп кейіпкерлерінен көріне бастайды. Соңғы жылдары көне көркем дүниелерді жалпылама зерттеуден гөрі ондағы көркемдік компоненттерге, оның жеке жанрларын жан-жақты талдау жасау күрделі зерттеу жұмыстары қолға алына бастады. Г. Пірәлиеваның көне әдебиеттегі психологиялық талдау өнері туралы зерттеуі көңілге қонарлық. Онда фольклорлық жанрлардағы оқиғаның құрап тұрған ой иірімдері, салаларға себеп болып тұрған психологиялық үрдістер ізденісі айрықша. XX ғасырдың орта шенінде, нақтырақ айтсақ бір мың тоғыз жүз елу-алпысыншы жылдарда шын мәніндегі психологиялық талдау өнері өмірге келіп, бүгінгі күрделі психологиялық талдау өнерінің көркемдік компоненттері болып табылатын монолог, диалог, психологиялық портрет, пейзаж, психологиялық талдау, түс көру тәсілдері мен оны жору, жансыз табиғат объектісін сөйлету оған сыр ашу, мимика (сыртқы денедегі қимыл қозғалыс, іс-әрекеттегі құбылыстар), жест, (бет жүздегі сезімдік өзгерістер), психологиялық үрдістер әсерінен туындайтын тұла бойдағы ерікті және еріксіз (безсознательность) жүзеге асатын түрлі эмоциялық құбылыстар т.б. көркемдік тәсілдер пайда болды. Қызықтыратыны



– төл әдебиетіміздегі тарихи-генетикалық психологиялық талдау өнерінің, яғни әдеби әдістер әлемінің салыстырылып зерттелуі. Фольклордағы, эпостық жырлардағы қолданылған тәсілдер тек қана этнографиялық таным түсінік қана емес, кейіпкердің бейнесін ашуға айтарлықтай қызмет атқарған түрлік тәсіл деген Г. Пірәлиева пікірі қуатталады. Г. Белая: «...прозашылар мақсат және адам өмірі туралы пайымдауларында жалпы қазіргі психологиялық прозаның бағдары – адам және оны қоршаған әлемге қарай бағытталады. Психологиялық талдаудың басты пішіні – мінез-құлықтың пайымын зерттеу, әлеуметтік-психологиялық тұсын бейнелеу» [10, 22], – пікірі талдауды дәлелдей түспек. Көркем шығармадан түс көру тәсілі мен оны жору жоралғыларының кейіпкерді таныту тұрғысындағы қызметіне назар салынғанда:

... – Әкем еді Қыдырбай,  
Қуарып жүзі солыпты,  
Нағыз мұнды болыпты.  
Әкем жүр ошақтың қасында,  
Жерде жатыр басында.  
*Түс көрдім жаман осындай,*  
Ақарудай анамыз  
Аяғында шарықты,  
Құрым қалпақ басында,  
Тия алмай жүр көздің жасын да.  
Қайғысы болды-ау осындай  
Ақ Құртқадай алғаным,  
Болыпты қатты арманым...  
Егізім еді Хансұлу,  
Ат артына мініпті.  
Шұғадан жабылған  
Туырлығын қарасам,  
Тоқымдыққа тіліпті.  
Үйде тұрған қазынаны  
Жабыла қалмақ киіпті... [11, 30], – деген жыр қарастырылды.

Мұндағы түс болар оқиғаны болжату тірегі, ал оны кейіпкердің жору сипаты туғандарының қамы мен амандығы бәрінен артық екенін көрсететін деталь. *Қобыланды батырдың* жүрек сезімталдығын аңғартады. Түс көру тәсілі табиғи, әдеби пішін тұрғысынан да нанымды әрі сюжеттік динамикалық дамуына дәнекер болып, кейіпкердің көңіл-күйін, іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан жетілдіріп отыр. Жалпы көркем шығармаларда Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев (ішкі монолог), М. Әуезов (табиғаттың адам кейпіне енуі), Ш. Құдайбердиев (Шыңғыстауды сөйлету – тілсіздерге тіл бітіру), Ш. Мұртаза (эмоция), Ә. Кекілбаев (адамның жан дүниесін зерттеудегі философиялық толғаныс) тағы басқаларда психологиялық талдау жан-жақты қырымен көрінген [12, 71]. Түс

көру тәсілін **Оралхан Бөкейдің** «Қамшыгер» әңгімесіндегі суреттемелерден жазушы-әңгімешінің өзіндік өрнегінен байқалуына зер салдық: «Керегеде салбырап ілулі тұрған бұзау тіс он екі өрім қамшының ұшынан сүт ағып тұр...? Сүт тамшысы түп-тура төрде жатқан көз ұясына құйылады...

Іргесіндегі албырап, таң алдындағы тәтті ұйқы мендеп, тітіркеніп-ақ жатқан әйеліне осы ғажайып айтпақ боп бұрылайын деп еді, шегелеп тастағандай аунай алмады... Қамшы ұшынан шыққан әлгі сүт әлі де толастамаған. Енді көз шарасынан құдилап ерінге тамшылай бастады... Не де болса дәмін татып көрейін деп еді, қып-қышқыл қан дәмі таңдайына так ете қалды. Адамның қаны ма, малдың қаны ма, айыра алған жоқ. Өне бойы мұздап салды. Селк етіп бір қатты сасқан шошыспен көзін ашқанда, уықты қуалай бетіне тамған суды сезді» [8, 173]. Мұндағы түс көру тәсілі иірімдерге толы. Әңгіме экспозициясы түстің болжамы секілді басталады: «Ай астында: Қан жылап жегімісіреген қараша үй қалды: қара жамылған әйелдің мұндықты басы қалды. Ай астында: Марғауланып ер мен елдің осыншама еркелігін, осыншама қасіретін мамырстан кеудесін сыйғызып, қазақтың күреңселі даласы жатты». [8, 171] Ал әңгіме шешімінде осы экспозицияға тағы бір философиялық түйін жалғасады. Қараңыз: «...Бірақ осы аңғал-саңғал Алтай тауында өткен уақиғаның бәрі де баяғының садағасы еді...» [8, 184]. Батырлар жырындағы қайсарлық, портреттік, психологиялық детальдар, мимика *О. Бөкей әңгімесіндегі батыр бейнесінде* былай берілген: «...Атаңның аузын ұрайын. Өзі уақ боп сынған-ау, мыжғыласам күтір-күтір етед,- деп қарқ-қарқ күлетін. Ауырысынып отырғанын қаншама білдірмейін, сездірмейін деп сүйекке қарыса да, жазан маңдайына шағаланың қанатындай сызат түсіп, тері бұршақ-бұршақ сорғалайтын. Шалдар есіктен шыға бере, ес-түссіз талып қалушы еді-ау» [8, 182]. Көне мұра шығармаларындағы кейіпкерлердің күйініш-сүйініші де «Қамшыгер» әңгімесінде көркемдік-композициялық бірлікте көрінді. Салыстырайық:

Ажалым жетіп осыдан

Өліп кетсем орным жоқ ...

... Қиын екен жалғыздық

Жабығып қатты жыладым ... [13, 214]

Бұл *Қамбар батырдың* жабыққан бейнесі болса, әңгімедегі *Садақбай батыр* мұны былайша суреттеледі: «...Бір төбенің шаңын бір төбеге қосқан нар кескен жылдарын есіне алғаны ма, екі ауылдың арасын қиқулатып, бұлғақсыз асауды құр-құрлатқан жиырма бесім, қайдасың деді ме, тіршіліктің мынау қолындағы қамшының сабындай келте, сабындай жылпылдақтығын әрі ермен шөптегі ащылығын ойлады ма, құйрық-жалсыз жалғыздығын енді ғана сезді ме... Ол ішек-қарны ақтарыла, қатты ... аса қысастықпен еңкілдеп жылап жіберді [8, 184]. Байқасаңыз, осы кейіпкердің жан күйзелісі көп нүктелер

арқылы дараланып тұр. Бұдан әрі Садақбай қамшыгердің дүниеден озуын айшықты штрих байқатады:

«Машырықтан сарғайып таң атып келеді...» [8, 184].

Әңгіменің шарықтау шегі Садақбайдың жұдырығында қамшысының білемдеп ұстаған күйінде қатып қалуымен беріледі. Бұдан көп ғасыр бұрын әдеби нұсқада табиғи түрде батырлардың өлім азасын дәл бейнелесе, бүгінгі көркем әңгімедегі өлім азасы ашы шындықпен қоса өрілген: «...Жұмылған жұдырықтың түбіне тақалған тұсынан кесіп, қамшының былайғы жағын алайық деп еді. Қамқа рұқсатын берген жоқ.

– Артында қалған баласы бар ма, қамшы ұстау қатынның ісі емес. Жан досы ғой, бірге әкетсін өзімен,- деді.

– Шарифаттың заңы бұзылып, Садақбайдың қамшысы ақыретке өзімен бірге оралды» [8, 184].

«Оралхан Бөкей бейнелеген образдарға ортақ негізгі белгілерді екшеп айтсақ: жан тазалығын, өршілдігін, рухани күштілігін айтар едік. Олардың көбісі әлденеге қанағаттанбайды... Мұндай өмірлік-әдеби типтер ... Онегин, Печорин, Рудин, Мартин, Иден, Левин, Рахметов. Сондай-ақ Т. Драйзердің Фрэнк Каупервуды, Э. Хемингуейдің Эллині... Сервантестің Дон-Кихоты, Байронның Чайльд Гарольды, Шекспирдің Гамлеті, Тагордың Геуірмоһоны, Гетенің Фаустында ... іздегені-ақиқат» [9, 81]. С. Шарабасов Оралхан Бөкейдің «Қамшыгер» әңгімесінде ауыз әдебиеті шығармаға мұраттық салмақ жамап, әңгіменің сюжетінде түс көру және оны жорыту, әдет-ғұрып, мұн-шер, қоштасу, яғни әңгіме құрылымындағы фольклорлық сарынды [14, 24] орынды байқаған. Көркем әңгімедегі шынайы шындыққа негізделген психологиялық талдау тәсілі адам сыпатын жан-жақты ашып, оның жан дүниесінің қыртыс-қабаттарын толық қамтуды талап етеді. Грек халқының ұлы философы, әрі көркем әңгіме поэтикасының алғашқы зерттеушісі Аристотель жан мен тәннің бірлігі хақында: «Меніңше жанының барлық құбылысы тәнмен байланысты: наразылық, момындық, үрей, қайғыға ортақтасу, ерлік, қуаныш, махаббат пен жек көру сезімдерін дене де бастан кешіреді»,–деп пайымдайды. Демек, адамның психологиялық портретінде тұлға-тұрпат, кейіп-кескінмен қатар, іс-әрекет, көзқарас, қимыл-қозғалыс ерекше міндет атқарады. Бір жағынан, ол кейіпкердің бой-тұлғасындағы, бет-ажарындағы, яғни сыртқы келбетіндегі психофизикалық өзгерістерді көрсетсе, екінші жағынан кейіпкердің рухани ішкі жан дүниесінің сыртқы көрінісін нақтылай түседі. Сол себепті, көркем шығармада статистикалық адам тұрпаты жат құбылыс. Қ. Алпысбаев: «...әр көркем шығарма өзінше жеке әлем, әр қаламгер өзіндік ұстамы мен ерекшеленетін қайталанбас тұлға» [15, 28],– деп ой түйеді. Қорытындыда айтарымыз, О. Бөкей әңгімелерінде психологиялық талдаудың түс көру, оны жору-жоралғыларымен қатар, пейзаж тәсілдері, кейіпкер жалғыздығы, кейіпкердің өзіне-өзі қанағаттанбауы бөлектеніп тұрады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы. – Алматы: Білік баспа үйі, 1999. – 745 б.
2. Смағұлова Н.Қ. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты: филол. ғыл. канд. ғылыми атағын алу үшін дайындалған авторефераты: 10.01.02. – Астана: ЕҰУ, 2006. – 24 б.
3. Оралхан. Естеліктер, эсселер және мақалалар / құрастырған Р. Мәженқызы. – Алматы: Өнер, 2000. – 320 б.
4. Қабдолов З. Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі. – Алматы. 1986. – 56 б.
5. Оскоцкий В. Пути и судьбы советского рассказа // Новый мир. №5, 1980. – С. 260.
6. Бадиков В. Новые ветры (очерки современного литературного процесса Казахстана). – Алматы: Жибек жолы, 2005. – 336 с.
7. Кемелбаева А. Оралхан Бөкей әңгіме жанрында // Қазақ әдебиеті, 15.08. 2003, № 33 (2819). – Б. 6.
8. Бөкей О. Қайдасың, қасқа құлыным: повесть, әңгімелер. – Астана: Елорда, 1999. – 328 б.
9. Ыбырайымов Б. Көркемдік көкжиегі. – Алматы: Жазушы, 1981. – 261 б.
10. Белая Г.А. Художественный мир современной прозы. – Москва: Наука, 1983. – 200 с.
11. Қазақ халық әдебиеті. Хрестоматия, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы / алғы сөзін жазған және құрастырған С. Садырбаев. – Алматы: Рауан, 1990. – 240 б.
12. Пірәлиева К. Көне әдебиеттегі психологиялық талдау өнері // ҚРБ және ҒМ-ның ҰҒА-ның хабарлары. 2000, №5-6. – Б. 70-78.
13. Көптомдық / құрастырған Қ. Сыдиқов, О. Нұрмағанбетова, жауапты шығарушы Е. Құдайбергенов. Т.6: Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1990. – 272 б.
14. Шарабасов С.О. Бөкеев әңгімелері құрылымындағы фольклорлық сарындар // Ізденіс. №4-5. 2000. – Б.20-25.
15. Алпысбаев Қ.Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік: филол. ғыл. докт. ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация авторефераты: 10.01.02. – Алматы: ҚазҰУ, 2000. – 49 б.

**Резюме**

*В статье речь идет о рассказе писателя Т. Абдик, в котором проанализирована психологическая природа героя.*

**Resume**

*The article is about the story of the writer T. Abdik in which the analysis of psychological portret of the hero was given.*

**НАШИ АВТОРЫ**

*Абишева Клара Мухамедияровна* - д.ф.н., профессор, Университет «Туран-Астана».

*Баратова Мухаббат Нуржауовна* – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

*Бейсембаева Сауле Толеутаевна* - к.ф.н., доцент кафедры иностранных языков, Карагандинский государственный технический университет.

*Есжанова Сауле Толепбергеновна* - старший преподаватель, Карагандинский государственный технический университет.

*Жумабекова Бейбытнур Капаровна* - к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

*Жусупов Нартай Куандыкович* – д.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет им С.Торайгырова.

*Зейнулина Айман Файзуллоевна* - к.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

*Изюмова Татьяна Спартаковна* - старший преподаватель, Карагандинский государственный технический университет.

*Иманбаева Асель Николаевна* - магистрант специальности «Русский язык и литература», Павлодарский государственный педагогический институт.

*Какжанова Шолпан Айдархановна* - старший преподаватель, Карагандинский государственный технический университет.

*Капанова Дамели Енсебековна* - д.ф.н., доцент, кафедра практического курса иностранных языков, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

*Мамедова Айтан Джейхун кызы* - к.ф.н., старший преподаватель кафедры Азербайджанского языка и Тюркологии Сумгаитского Государственного Университета, Республики Азербайджан.

*Рахимжанов Канат Хисматович* - к.ф.н., доцент, профессор, директор НПЦ интенсивного изучения казахского языка, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

*Сакенова Н.Б.* - магистрант кафедры «Журналистика», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

*Сарбалаев Жаксыбай Турсынович* - декан гуманитарно-педагогического факультета, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

*Уайханова Меруерт Асетовна* - магистр английской филологии, преподаватель кафедры практического курса иностранных языков, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

---

***Шакенова Майгуль Тулегеновна*** - к.ф.н., ст. преподаватель кафедры русского языка и литературы, Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауезова, г. Шымкент.

***Шаринова Мадина Куанаевна*** - к.ф.н., доцент кафедры казахского языка, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

***Ыскак Бакыт Амирханкызы*** - к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

**ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ**

(“Вестник ПГУ”, “Наука и техника Казахстана”,  
“Өлкетану-Краеведение”)

1. В журналы принимаются рукописи статей по всем научным направлениям в 1 экземпляре, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с полуторным межстрочным интервалом, с полями 3 см со всех сторон листа и дискета со всеми материалами в текстовом редакторе “Word 7,0 (’97, 2000) для Windows”.

2. Общий объем рукописи, включая аннотацию, литературу, таблицы и рисунки, не должен превышать **8-10 страниц**.

3. Статья должна сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук для авторов, не имеющих ученой степени.

4. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами: - УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;

- название статьи: кегль - 14 пунктов, гарнитура - **Times New Roman Cyr** (для русского, английского и немецкого языков), **KZ Times New Roman** (для казахского языка), заглавные, жирные, абзац центrovанный;

- инициалы и фамилия(-и) автора(-ов), полное название учреждения: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Arial (для русского, английского и немецкого языков), **KZ Arial** (для казахского языка), абзац центrovанный;

- аннотация на казахском, русском и английском языках: кегль - 10 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), **KZ Times New Roman** (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, одинарный межстрочный интервал;

- текст статьи: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), **KZ Times New Roman** (для казахского языка), полуторный межстрочный интервал;

- список использованной литературы (ссылки и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.1-84.-  
**например:**

**ЛИТЕРАТУРА**

1. Автор. Название статьи // Название журнала. Год издания. Том (например, Т.26.) номер (например, № 3.) страница (например С. 34. или С. 15-24.)

2. Андреева С.А. Название книги. Место издания (например, М.:) Издательство (например, Наука,) год издания. Общее число страниц в книге (например, 239 с.) или конкретная страница (например, С. 67.)

**На отдельной странице** (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе: - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе “Наши авторы”);

- полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

- название статьи и фамилия (-и) автора(-ов) на казахском, русском и английском языках (для “Содержания”).

4. Иллюстрации. Перечень рисунков и подрисовочные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

5. Математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

6. Автор просматривает и визирует гранки статьи и несет ответственность за содержание статьи.

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи и дискеты не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

8. Рукопись и дискету с материалами следует направлять по адресу:  
140008, Республика Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64,

Павлодарский государственный университет  
имени С. Торайгырова,

Издательство «КЕРЕКУ»

Тел (8 7182) 67-36-69

E-mail: [publish@psu.kz](mailto:publish@psu.kz)

[kereku@mail.ru](mailto:kereku@mail.ru)



Теруге 07.09.2011 ж. жіберілді. Басуға 21.09.2011 ж. кол қойылды.  
Форматы 70x100 1/16. Кітап-журнал қағазы.  
Көлемі шартты 6,70 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: Ә.Т. Канашева.  
Корректорлар: М.А. Джумадиева, Б.Б. Әубәкірова, Ә.Р. Омарова  
Тапсырыс №1761

Сдано в набор 07.09.2011 г. Подписано в печать 21.09.2011 г.  
Формат 70x100 1/16. Бумага книжно-журнальная.  
Объем 9,98 ч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А.Т. Канашева.  
Корректоры: М.А. Джумадиева, Б.Б. Аубакирова, А.Р. Омарова  
Заказ №1761

«КЕРЕКУ» баспасы  
С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
E-mail: [publish@psu.kz](mailto:publish@psu.kz)  
[kereku@mail.ru](mailto:kereku@mail.ru)